

ЖАС өнімін тандағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Осы көлік құралы бүкіл пайдаланылатын мерзім ішінде сізге күтім жасау бойынша барлық қызметтерді ұсынамыз!

Жан-жақты және жеке қызмет көрсетуге қол жеткізу мақсатында, сіздің нақты талаптарыңызды қанағаттандыру және қызмет көрсетуді жетілдіру міндетін өзімізге аламыз.

ЖАС маркасын тандағаныңыз үшін рақмет!

Сізді ЖАС motor көлігінің иесі болғаныңызға және бізге сенім білдіріп, бізді қолдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Бұл нұсқаулық осы көлік құралының барлық модельдеріне қатысты. Осы нұсқаулықта сипатталған кейбір конфигурациялар немесе ерекшеліктер сіз сатып алған модельде болмауы мүмкін.

Жаңа көлікті жүргізген кезде қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңыз керек.

ЖАС сатудан кейінгі қызмет көрсететін ресми орталық автокөлігіңізге ыңғайлы және тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Егер қандай да бір сұрақтарыңыз, пікірлеріңіз немесе ұсыныстарыңыз болса, кез келген уақытта бізге хабарласыңыз.

Anhui Jianghuai Automobile Group Co., Ltd осы нұсқаулыққа өзгертулер енгізу құқығын сақтап қалады.

Нұсқаулықтың мазмұны алдын ала ескертпестен өзгертілуі мүмкін.

Компанияда өнімдер мен технологиялардың сапасы, көлік құралдарының сыртқы түрі, ішкі безендірілуі және техникалық сипаттамалары үнемі жетілдіріліп отырады. Осы нұсқаулықтағы суреттер, деректер мен нұсқаулар нақты жағдайға сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан сіз түсіністік танытып, тексеру және айып тағу үшін дәлел ретінде осы нұсқаулықтарға сілтеме жасамайсыз деп үміттенеміз.

Мазмұны

Кіріспе ақпарат	1
Маңызды ақпарат.....	2
Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN).....	2
Жаңа пайдаланушыға арналған нұсқаулық.....	3
Техникалық қызмет көрсету	4
Қосымша ұсынымдар	6
Қауіпсіздік	7
Қауіпсіздіктің маңызды мәселелері	8
Әрдайым қауіпсіздік белбеуін тағып жүріңіз	8
Сақ болыңыз, қауіпсіздік жастығынан жарақат алу қаупі бар (ол орнатылған болса)	8
Шамадан тыс жүктеме.....	8
Мас күйде рульге отырмаңыз	9
Автокөліктің қауіпсіздік құралдары	9
Қауіпсіздік белбеулері.....	9
Қауіпсіздік жастығы (орнатылған болса)	15
Пайдалану	23
Аспаптар тақтасының бейнесі	24

Аспаптар тақтасы	27
Сигнал индикаторының шамдары	31
Орындықтар мен реттеу	44
Шылымтұтатқыш	44
Клаксон	45
Күлсауыт	45
Ұсақ-түйек тартпасы	46
Сақтауға арналған орын	47
Орталық консольдегі сақтауға арналған орын (орнатылған болса)	47
Желдету саңылаулары (сол жақ және оң жақ)	48
Орталық желдету саңылаулары (сол жақ және оң жақ)	48
Есік қаптамасындағы сақтауға арналған бөлім	49
Орындықтар	49
Ортаңғы орындықтың арқасы мен ұсақ-түйек тартпасы.....	52
Орталық сақтау бөлімі	53
Бассүйегіш	53
Көру аймағы және жарық	54
Күнқағар	54
Алдыңғы жарық фаралары	56
Салон жарығының төбе шамы	57

Сыртқы артқы көрініс айналары	58
Электр жетегі бар артқы көрініс айнасын ауыстырып қосу (орнатылған болса)	59
Артқы көрініс айналарын жылыту (орнатылған болса)	60
Апат туралы ескерту шамы	65
Артқы көрініс айналарын жинау	67
Аралық ауыстырып қосқыш	68
Есік құлыптарын қашықтан басқару	73
Есіктің сыртқы тұтқасы	75
Есіктің ішкі тұтқасы	75
Есік панелі	76
Алдыңғы күнқағар пердені құлыптау жүйесі	76
Отын құю аузының қақпағы (орнатылған болса)	77
Отын құю аузының қақпағының құлпы (орнатылған болса)	78
Электр әйнеккөтергішті пайдалану (орнатылған болса)	79
Иммобилайзер (орнатылған болса)	80
Айдап әкетуден қорғау жүйесі (орнатылған болса)	81
Антенна коммутациясы және акустика	83
Антенна	83
Ауаны желдету жүйесі (орнатылған болса)	84
Ауа кондиционерін басқару құрылғысы функциясының сипаттамасы	86

Режим сипаттамасы.....	87
Жүргізу	98
Оталдыру жүйесінің құлпы	98
Кабинаның еденіне орнатылған реттегіш	100
Көп функциялы руль (бар болғанда)	103
Артқа жүру радары (орнатылған болса)	106
TPMS (Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі) (орнатылған болса).....	108
Күйе сүзгісін тазалау жүйесі (бар болған кезде).....	111
Сақтандырғыш.....	114
Контейнер	116
Тежегіштердің бекіту жүйесі (ТБЖ)	122
Автокөлікті басқару нұсқаулығы	124
Жүргізу	125
Қозғалтқышты оталдыру алдындағы дайындық	125
Қозғалтқышты оталдыру	128
Қозғалтқышты тоқтатыңыз	130
Тұраққа қою	131
Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары	132
Үнемді жүргізу	135
Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерді жүргізу дағдылары.....	137

Төтенше жағдайлар	138
Жол оқиғалары туралы автоматты хабарлау жүйесі (ERA-GLONASS) (бар болса).....	139
Апаттық аялдау	140
Сүйрету	141
Домкратты пайдалану нұсқаулығы.....	142
Құрамдасқан муфтаны пайдалану нұсқаулығы	144
Дөңгелекті ауыстыру үшін.....	148
Үшбұрыш ескертуші тақтайша	150
Қосалқы дөңгелектің аспалы кронштейні	150
Техникалық қызмет көрсету	152
Күнделікті техникалық тексеру.....	153
Қауіпсіздік жастығы жүйесін тексеру	162
Қысқы кезеңде техникалық қызмет көрсету	163
Аккумулятор батареясына қызмет көрсету.....	164

Кіріспе ақпарат

Маңызды ақпарат

Төменде берілген ақпарат JAC автокөліктерін дұрыс басқару және оңтайлы пайдалану үшін өте маңызды, сондықтан пайдалану және қызмет көрсету алдында оны мұқият оқып шығыңыз.

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN)

Техникалық қызмет көрсету қажет болған кезде, оны JAC ресми қызмет көрсету орталығына беру үшін шасси нөмірі мен автокөлік қозғалтқышының нөмірін жазып алыңыз.



(1) Шасси нөмірі

Шасси нөмірі – бұл VIN-коды бар пломба. Шасси, жүк көлігі, фургон, торлы шанағы бар жүк көлігі және кабриолет үшін VIN-коды бар пломба автокөлік рамасының оң жақ арқалығының сыртында, рессордың артқы ұстағышының артқы жағында орналасқан (кейбір өзге қайта жабдықталған автокөліктер үшін VIN-код сенімділік, қауіпсіздік және жайлылықты қамтамасыз ететін арнайы талаптарға сәйкес рессордың алдыңғы ұстағышының жанында орналасуы мүмкін). Сонымен бірге VIN-код аспаптар тақтасында да орналасады.



(2) Қозғалтқыштың зауыттық тақтайшасы орналасатын жер

Қозғалтқыштың зауыттық тақтасы қозғалтқыш цилиндрінің қақпағының жоғарғы жағында орналасады, ол қозғалтқыштың түрін, номиналды қуатын, номиналды жылдамдығын және шығарылған күнін көрсетеді. Пайдаланушы автокөлікті дұрыс пайдалану және оған қызмет көрсету үшін қозғалтқыштың зауыттық тақтайшасының орналасуын тексеруі тиіс.




(3) Өндірушінің зауыттық тақтайшасы орналасатын жер

Өндірушінің зауыттық тақтайшасы сол жақтағы суретте көрсетілгендей кабинаның оң жақ орталық тірегінде орналасқан. Пайдаланушы оның бар болуын тексеруі керек.

Жаңа пайдаланушыға арналған нұсқаулық



Автокөлікті жүргізіп бейімдеген кезде, автокөлікті басқаруды және оған техникалық қызмет көрсетуді үлкен сақтықпен жүзеге асырыңыз, мұндай әрекеттер өнімділікті арттыруға шешуші әсер етеді және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартады. Пайдаланушы жүргізіп бейімдеудің алғашқы 3000 км жолында төмендегі нұсқауларды орындауы керек.




1. Жүргізіп бейімдеудің алғашқы 3000 км кезеңінде автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ аспауы тиіс. Қозғалыс барысында спидометрді тексере отырып, қозғалтқыш жылдамдығын асырмаңыз.
2. Қозғалтқыштың жылдамдығын асырмауға, үдетпеуге және кенеттен тежемеуге тырысыңыз.
3. Жүрісті бастамай тұрып әр кез қозғалтқыш қалыпты жұмыс температурасына жеткенше, оны бос жүріспен жұмыс істетуге керек.




Автокөлікті бақылау және басқару

Барлық компоненттер мен жабдықтар «Контроллер және аспап» және «Көлік жүргізу» бөлімінде көрсетілген сұранысқа сәйкес тексерілуі керек.




Техникалық қызмет көрсету


1. Егер қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету қажет болса, алдымен екі орындықтың арқаларын жиып, содан кейін суретте көрсеткімен көрсетілгендей, қос орындықтың сол жақ және оң жақ тоғаларын ашыңыз.
-



2. Суретте көрсетілгендей қозғалтқыштың сол жақ және оң жақ тоғаларын ашыңыз.



3. Орындықтар мен қозғалтқыш қақпағын көтеріңіз, содан кейін суретте көрсетілгендей, қозғалтқыш қақпағының таспасын ұстағышқа бекітіңіз.



4. Таспаның максималды жүккөтергіштігі 80 кг құрайды, ілмекте тұрған кезде, қолмен ұстамаңыз.

Қосымша ұсынымдар

1. JAC автокөліктерін рұқсатсыз өзгертуге немесе оларға кез келген жабдықты орнатуға тыйым салынады. Компания рұқсатсыз енгізілген өзгерістер немесе орнату үшін жауапты болмайды.
 2. Егер біздің компанияның өнімін пайдалану барысында қандай да бір проблемаларыңыз болса, JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз. Егер қосалқы бөлшектерді ауыстыру қажет болса, біздің компанияның түпнұсқа қосалқы бөлшектерін пайдаланыңыз. Jianghuai Automobile Company осы нұсқаулықты сақтамау салдарынан орын алған шығындар үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.
 3. Жаңа автокөлікті дұрыс жүргізіп бейімдеу оның қызмет ету мерзімін ұзарту және сенімділігі мен тиімділігін арттыру үшін маңызды. Жаңа автокөлікті жүргізіп бейімдеу кезеңі алғашқы 2500 ~ 3000 км жүріп өткен жолды құрайды, максималды жылдамдық 80 км/сағ аспауы керек.
 4. Автокөлігіңіздің ең жақсы жүрісін қамтамасыз ету үшін, «Техникалық қызмет көрсету нұсқаулығына» сәйкес техникалық қызмет көрсетуді уақытылы жүргізіңіз.
-

Қауіпсіздік

Қауіпсіздіктің маңызды мәселелері

Осы тарауда өзіңізді және өз жолаушыларды қорғау әдістері туралы ақпарат келтіріледі. Маңызды ұсынымдар төменде берілген.

Әрдайым қауіпсіздік белбеуін тағып жүріңіз

Қауіпсіздік белбеулері кез келген апат жағдайында ең жақсы қорғауды қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастығы (люкс класындағы автокөлік жинақтамасында жабдықталған) қауіпсіздік белбеуінің қорғанысын толықтырып, сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге көмектеседі, ол бетпе-бет орташа немесе қатты соққы болған кезде үрлену үшін әзірленген. Қатты соққы орын алған кезде қауіпсіздік жастығының бірден үрленуінен қауіпсіздік белбеуін таппаған адамның беті мен кеудесіне зақым келеді. Сондықтан, автокөлігіңіз қауіпсіздік жастығымен жабдықталған болса да, өзіңіздің және барлық жолаушыларыңыздың қауіпсіздік белбеулері дұрыс тағылғанына сенімді болуыңыз керек.

Сақ болыңыз, қауіпсіздік жастығынан жарақат алу қаупі бар (ол орнатылған болса)

Қауіпсіздік жастығы сіздің қауіпсіздігіңізді қорғаса да, ол оған тым жақын отырған немесе дұрыс қорғалмаған жолаушыларға, әсіресе сәбилерге, кішкентай балалар мен аласа бойлы ересектерге ауыр және тіпті өлімге жетелейтін жарақат келуі мүмкін. Осы тараудың барлық нұсқауларын міндетті түрде орындаңыз.

Шамадан тыс жүктеме

Шамадан тыс жүктеме автокөліктің қызмет ету мерзімін қысқартып қана қоймай, қозғалыс қауіпсіздігіне де жасырын қауіп төндіреді.

Жүктеме сапасы автокөліктің ең жоғары салмағының шамаларымен шектелуі тиіс, ал алдыңғы және артқы біліктерге таралып түсетін жүктеме біліктің көтеру қабілетінен аспауы керек. Автокөліктің номиналды массасын және білікке түсетін жүктемені анықтау үшін Техникалық сипаттамалар кестесін қараңыз.

Мас күйде рульге отырмаңыз

Мас күйде рульге отырмаңыз. Алкогольді ішімдікті аз мөлшерде ішкеннің өзі де жолдағы жағдайдың өзгерістеріне әрекет ету қабілетіңізді төмендетеді. Алкогольдің тұтынған мөлшері неғұрлым көп болса, сіз соғұрлым баяу әрекет ететін боласыз. Сондықтан автокөлік басқарып келе жатсаңыз, алкоголь ішуге болмайды және жақындарыңызға да ішуге рұқсат бермеңіз.

Автокөліктің қауіпсіздік құралдары

Қауіпсіздік белбеулері

1. Қауіпсіздік белбеулерін не үшін тағу керек?

- Қауіпсіздік белбеуі – ересектерді қорғауға арналған ең тиімді қауіпсіздік құрылғысы.
- Дұрыс қолданған кезде сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді.
- Сізді кез келген апаттан қорғайды. Автокөлік аударылған кезде, қауіпсіздік белбеулерін тақпаған адамдар көп жарақат алады.
- Автокөліктегі заттарға немесе басқа жолаушыларға әсер ету қаупін азайтуға көмектеседі.
- Апат болған жағдайда көліктен түсіп қалмауға көмектеседі.
- Дененіздің дұрыс күйін сақтауға көмектеседі, қауіпсіздік жастығы үрленген кезде жарақат алу қаупін азайтады және қауіпсіздік жастығының ең жақсы қорғау қызметін қамтамасыз етеді.
- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдаланбау, автокөлік қауіпсіздік жастығымен жабдықталған болса да, ауыр жарақат алу және тіпті, өлім ықтималдығын арттырады. Әр соқтығысқан кезде қауіпсіздік белбеуі сізге толық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді, бірақ көптеген жағдайда қауіпсіздік белбеуі ауыр жарақат алу ықтималдығын төмендетуі мүмкін.

2. Ескерту:


- Қауіпсіздік белбеуін тек бір адам қолдануы керек, қолыңыздағы баламен бірге қауіпсіздік белбеуін тақпаңыз. Екі немесе одан да көп адам бір қауіпсіздік белбеуін қолданса, онда соқтығыс кезінде қауіпсіздік белбеулері қорғай алмайтынымен қоса, екі адамның бір-біріне соғылу қаупін арттырады.
 - Қауіпсіздік белбеуін бұралған күйде тақпаңыз.
 - Қауіпсіздік белбеуін тексеріңіз, ол кесілмеген, сынбаған болуы керек және металл бөліктері зақымдалмаған болуы шарт. Егер мұндай зақымдар болса, қауіпсіздік белбеуін ауыстыру керек.
 - Егер қауіпсіздік белбеуі кірлесе, оны бейтарап жуғыш затпен және жылы сумен тазартып, көлеңкеде кептіріңіз. Қауіпсіздік белбеуін ағартпаңыз не боямаңыз, өйткені бұл оның беріктігі мен қызметіне әсер етеді.
 - Апаттан кейін барлық қауіпсіздік белбеуін ауыстыру керек, олар тіпті бүлінбеген болып көрінсе де, оларды бұдан былай қолдануға болмайды.
 - Жүргізуші мен жолаушыларды кездейсоқ жарақаттардан қорғау үшін автокөліктегі барлық адам қозғалыс барысында қауіпсіздік белбеуін тағып отыруы керек.
 - Орындықтың арқасы тік күйінде болған кезде, қауіпсіздік белбеуі ең жоғарғы деңгейдегі қорғанысты қамтамасыз ете алады. Орындық арқасы шалқайтылған болса, жол-көлік апаты орын алған кезде, әсіресе бетпе-бет соққы кезінде, жолаушылар қауіпсіздік белбеуінен сырғып кетіп, жарақат алуы мүмкін.
 - Қауіпсіздік белбеулері жүйесін бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе оған техникалық қызмет көрсетпеңіз, әйтпесе соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуі тиімді жұмыс істей алмайды. Қауіпсіздік белбеуін пайдалану және ауыстыру мәселелері бойынша JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз. Қауіпсіздік белбеуіне басқа адамдардан, есіктен немесе орындық топсасынан зақым келуіне жол бермеңіз.
 - Жайлылық қауіпсіздік белбеуін қолданудың негізгі қағидасы болып табылады, бірақ құрылымның қорғаныс әсеріне қол жеткізу үшін оны тартып қоюға тырысыңыз. Қауіпсіздік белбеуі дұрыс тағылмаса, жолаушы үшін қорғаныс әсері айтарлықтай төмендейді.
-

3. Қауіпсіздік белбеуін тексеру және оған күтім жасау

- Қауіпсіздік белбеуін, оның тоғасын, ұшын, тілшігін қауіпсіздік белбеуінің инерциялық барабанын және оның мойынтірегін үнемі тексеріп тұрыңыз, егер зақымдалған болса, қорғау әсері төмендейді.
- Өткір жиектері бар заттарды алып тастаңыз, әйтпесе олар қауіпсіздік белбеуін зақымдауы мүмкін.
- Егер қауіпсіздік белбеуі кесілген, босап қалған, жарылған немесе зақымдалған болса, оны ауыстыру керек.
- Мойынтірек болттарының еденге мықтап бекітілгенін тексеріңіз.
- Ақаулы бөлшектерді ауыстыру керек.
- Белбеуді таза және құрғақ күйде сақтау керек.
- Белбеуді тек сілтілі сұйық сабынмен немесе жылы сумен жуыңыз.
- Қауіпсіздік белбеуін ағартпаңыз және боямаңыз, әйтпесе оның қорғау қызметі төмендейді.

4. Автокөлігіңіз екі нүктелі қауіпсіздік белбеуімен, сондай-ақ үш нүктелі қауіпсіздік белбеуімен жабдықталған, оларды белдік және иық белбеуі ретінде пайдалануға болады.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін пайдалану үшін төмендегі нұсқаулықты оқып, ондағы ережелерді сақтаңыз.




1) Қауіпсіздік белбеуін тағу

Белбеуді кергіштен шығарып алыңыз, содан кейін оны кеудеңіз бен жамбасыңызға баяу және біркелкі тартып, металл тоғаны сырт еткен дыбыс естілгенше, тиісті кассетаға салыңыз, осылайша металл тоға тағылатын болады. Қауіпсіздік белбеуінің белдік бауы санның үстіне орналасуы керек, реттеген кезде ол санды автоматты түрде орап алады.


Егер денеңіз баяу еңкейсе немесе алға қарай қозғалса, қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде созылады. Алайда кенеттен соққы болған кезде, жолаушының денесін ұстап қалу үшін қауіпсіздік белбеуі құлыпталады. Сонымен қатар, егер сіздің денеңіз алға қарай күрт еңкейсе, қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде құлыпталады.

Назар аударыңыз: қауіпсіздік белбеуінің металл тоғасын тек тиісті кассетаға салу керек, әйтпесе бұл қорғау функциясына кері әсер етіп, жарақат алу ықтималдығын арттырады.



2) Қауіпсіздік белбеуін реттеу

Қауіпсіздік белбеуін белге емес, санға бекіту үшін оны төмен қарай созып керуге тырысуыңыз керек. Осылайша сан мен денеңіздің жоғарғы бөлігі ішкі ағзалардың зақымдану мүмкіндігін азайту үшін соққы күшін көтере алады. Сонымен қатар қауіпсіздік белбеуі белге бекітілген болса, апат орын алған кезде апаттық тежегіш іске қосылғанда, жолаушы сырғып шығып кетуі мүмкін. Қолдарыңыз қауіпсіздік белбеуінің бір жағынан емес, екі жағынан орналасуы керек.



3) Қауіпсіздік белбеуін ағыту

Кассетаны ұстап тұрып, ағыту түймесін басыңыз, сонда қауіпсіздік белбеуі шешіледі. Содан кейін белбеу автоматты түрде кергішке тартылады. Тартылмаса, белбеудің бұралып немесе оралып қалмағанын тексеріп, қайталап көріңіз.

Ескерту:

- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тақтау салдары соққы болған кезде ауыр жарақатқа және тіпті өлімге жетелеуі ықтимал.
- Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуінің иық бөлігін қолыңыздың астына немесе арқаңызға орнатпаңыз, себебі соққы болған кезде ауыр жарақат келуі мүмкін. Екі нүктелі қауіпсіздік белбеуін пайдалану туралы төмендегі нұсқаулықпен танысыңыз және оның ережелерін бұлжытпай орындаңыз.




4) Қауіпсіздік белбеуін тағу

Кассетаны ұстап тұрып, сырт еткен дыбыс естілгенше, металл тоғаны тиісті кассетаға салыңыз, осылайша металл тоға бекітіледі, тартылу дәрежесін реттеңіз. Қауіпсіздік белбеуін ағыту әдісі үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін ағыту әдісіне ұқсас.

Ескерту:

Екі нүктелі қауіпсіздік белбеуін (іштің айналдыра емес) үнемі санды айналдыра орап бекіту керек.



5) Қауіпсіздік белбеуін реттеу

Екі нүктелі статикалық қауіпсіздік белбеуі үшін биіктікті денеңізге ыңғайлы болатындай етіп қолмен реттеу керек. Қауіпсіздік белбеуін бекітіп, бос жағын тартып, белбеуді ішіңізге емес, саныңызға тартуға тырысыңыз, әйтпесе апат болған жағдайда жарақат келуі мүмкін.



6) Қауіпсіздік белбеуін тарту

Қауіпсіздік белбеуінің ұзындығын реттеген кезде, сіз металл тоға мен белбеу арасындағы белгілі бір бұрышты сақтауыңыз керек, содан кейін белбеуді қажетті ұзындыққа созып тартыңыз. Металл тоғаны бассаңыз, оны реттеу оңай болады.



7) Қауіпсіздік белбеуінің ұзындығын қысқарту

Егер сіз қауіпсіздік белбеуін қысқартқыңыз келсе, белбеудің бос ұшын тиісті ұзындыққа созып, оны қауіпсіздік белбеуінің артық ұзындығына арналған қысқышпен бекіту керек.

Назар аударыңыз:

Қозғалтқыш қақпағын ашудың алдында жүргізушінің орнына екі нүктелі қауіпсіздік белбеуін тағуды ұмытпаңыз, әйтпесе қозғалтқыш қақпағын жапқан кезде, құлыпты зақымдауы мүмкін.

Қауіпсіздік жастығы (орнатылған болса)

1. Қауіпсіздік жастығының ақаусыз индикаторы



Қауіпсіздік жастығының индикаторы суретте көрсетілгендей аспаптар тақтасында орналасқан. Бұл индикатор қауіпсіздік жастығының күйін білдіреді. Автокөліктің оталдыру жүйесі қосылған кезде диагностикалық жүйе электр жүйесіндегі ақаулардың бар-жоғын тексереді. Егер мұндай ақау болса, бұл индикатор жанады. Жүйе барлық элементті, соның ішінде қауіпсіздік жастығының датчигін, модульді, тізбекті және диагностикалық модульдерді тексереді. Автокөлікті оталдырған кезде, индикатор 7 секундқа жанады, содан кейін сөнеді. Бұл қауіпсіздік жастығы жақсы күйде екенін білдіреді.

Егер оталдырғаннан кейін индикатор үнемі жанып тұрса немесе қозғалыс барысында жанса, ол ақаудың бар екенін білдіреді, тексеру және техникалық қызмет көрсету үшін жақын маңдағы JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.

2. Қауіпсіздік жастығының жүйесі туралы кіріспе ақпарат

Сіздің автокөлігіңіз екі қауіпсіздік жастығымен жабдықталған, біріншісі – жүргізушінің қауіпсіздік жастығы, екіншісі – алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы.



Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы

Қауіпсіздік жастығының жүйесі туралы маңызды ақпарат:

Назар аударыңыз

Егер сіз қауіпсіздік белбеуін дұрыс тақпасаңыз (автокөлігіңіз қауіпсіздік жастығымен жабдықталған болса да), сіз жол-көлік оқиғасынан ауыр жарақат алуыңыз мүмкін. Қауіпсіздік белбеуі жол-көлік оқиғасы болған жағдайда автокөліктегі заттарға соғылу ықтималдығын азайтуға көмектеседі. Қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік белбеуін ауыстыру үшін емес, оның қосалқы қорғаныс жүйесі ретінде әзірленген.

Жүргізуші мен оң жақ алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары орташа дәрежелі бетпе-бет соққыдан немесе ауыр дәрежелі қиғаш соққыға дейінгі жағдайға есептелген.

Басқа сөзбен айтқанда, олар автокөліктің аударылуы, артынан келген соққы, жылдамдық төмен болған кезде, бетпе-бет соққы немесе қаптал соққы сияқты кейбір жағдайларда іске қосылмауы ықтимал. Сонымен қатар қауіпсіздік белбеулерін тақпаған жолаушыларға қауіпсіздік жастығы қорғауды қамтамасыз етудің орнына жарақат келтіруі мүмкін. Автокөліктегі барлық жолаушы қауіпсіздік жастығымен жабдықталған болса да, қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағу керек.

Назар аударыңыз

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы тез (қас қағым сәтте) үрленеді. Мұндай жағдайда, сіз оған тым жақын отырсаңыз (мысалы, еңкейген кезде), сізге ауыр жарақат келуі мүмкін. Соқтығысқанға дейін және соққы болған кезде қауіпсіздік жастығы қауіпсіз үрленуі үшін қауіпсіздік белбеуі сізді орныңызда ұстап тұрады. Автокөлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, жүргізушілер мен жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек. Жүргізуші автокөлікті жақсы басқаратынына сенімді болса да, ол рульден мүмкіндігінше алыс отыруы керек.

Алдыңғы жолаушы есікке сүйенбеуі немесе есікке сүйеніп ұйықтамауы керек.

Назар аударыңыз

Егер қауіпсіздік жастығы мен жолаушы арасында кедергілер болса, ол дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Ең жаманы, қауіпсіздік жастығы затты жолаушының денесіне батырып жіберуі мүмкін, бұл ауыр жарақатқа және тіпті өлімге жетелеуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы үрленген кезде оның бойында ешқандай кедергі болмауы керек. Рульге ешқандай басқа қауіпсіздік жастықтарын қоймаңыз немесе бекітпеңіз. Орындықтың қаптамасы бүйірлік қауіпсіздік жастығының үрленуіне кедергі келтірмейтінін қадағалаңыз.

3. Қауіпсіздік жастығы туралы ақпарат

1) Қауіпсіздік жастығы қандай кезде іске қосылады?

Жүргізуші мен оң жақ алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары қатты бетпе-бет соққы немесе киғаш соққы болған жағдайда үрленеді. Алайда бұл қауіпсіздік жастықтары тек соққы күші шекті мәннен асқан кезде ғана үрленеді. Жолаушыларды тиімді қорғау үшін шекті мән барлық қажетті жағдайларды және соққы дәрежесін болжай отырып белгіленеді. Алдыңғы қауіпсіздік жастығының үрленуі соқтығысқан затқа, соққы бағытына байланысты және автокөліктің жылдамдығына емес, оның баяулауына байланысты болады.

Автокөлік қабырғаға тікелей соғылса және қабырға қозғалмаса немесе деформацияланбаса, үрлену үшін шекті мән шамамен 9-14 миля/сағ (14-23 км/сағ) болады.

(Алайда көлік құралдарының белгілі бір түрі үшін мән жоғарыда көрсетілген ауқымнан сәл жоғары немесе төмен болуы мүмкін.)

Қауіпсіздік жастығы әртүрлі соқтығыстар орын алған кезде үрленеді, мысалы:

Көлік құралы тұрақты нысанға соқтығысқан кезде, қозғалатын затпен соқтығысуға қарағанда, қауіпсіздік жастығының үрленуі үшін автокөлік жылдамдығының шегі әртүрлі болуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастығы үрленген кездегі автокөліктің жылдамдығы деформацияланатын немесе деформацияланбайтын затпен соқтығысқан кезде де өзгеруі мүмкін.

Автокөліктің үлкен және кең (мысалы, қабырға сияқты) затпен соқтығысуына қарағанда, ол ұзын және жіңішке затпен (мысалы, телеграф бағанымен) соқтығысқан болса, қауіпсіздік жастығы үрленетін кездегі автокөлік жылдамдығы да өзгеруі мүмкін.

Автокөлік бір затқа тікелей емес, бұрыштап соғылса, оның қауіпсіздік жастығы үрленетін кездегі жылдамдығы да өзгеруі мүмкін. Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары автокөлік аударылған, артпен соғылған немесе қаптал соққылар жағдайында үрленбейді, өйткені мұндай жағдайларда олар көмектесе алмайды. Қауіпсіздік жастығы автокөліктің зақымдану дәрежесіне немесе жол-көлік оқиғасынан кейін жөндеу құнына байланысты үрленуі керек деген тұжырым қате түсінік болып табылады, өйткені алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының үрленуі бетпе-бет немесе қиғаш соққылардың соқтығысу бұрышына, сондай-ақ автокөліктің жылдамдығын баяулатуына тәуелді.

2) Қауіпсіздік жастығының үрленуіне қандай факторлар себепші болуы мүмкін?

Соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының датчиктер жүйесі мұны анықтайды, содан кейін үрлеу механизмін іске қосып, ауа қауіпсіздік жастығына жіберіледі. Үрлеу механизмі, қауіпсіздік жастығы және тиісті құрылғы – осының барлығы қауіпсіздік жастығының құрамдас бөліктері.

3) ЖКО болған кезде, қауіпсіздік жастығы жолаушыны қалай қорғайды?

Орташа, қатты бетпе-бет немесе қиғаш соққылар болған жағдайда, қауіпсіздік белбеулерін таққан жолаушылар рульге немесе аспаптар тақтасына соғылуы мүмкін. Орташа және қатты дәрежедегі қаптал соққыларда жолаушылар қауіпсіздік белбеулерімен бекітілген болса да, автокөлік салонының ішіндегі заттарға тиюі мүмкін, өйткені қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік белбеуі қамтамасыз ететін қорғанысты тек толықтырады.

Қауіпсіздік жастығы жолаушының денесі қозғалмауы үшін соққы күшін дененің жоғарғы жағына таратады. Сонымен қатар алдыңғы қауіпсіздік жастығы, мысалы, көлік құралының аударылуы, артымен соғылуы және көптеген бүйірлік соққылар сияқты әртүрлі соқтығысу кезінде жұмыс істемейді, өйткені жолаушы денесінің қозғалыс бағыты алдыңғы қауіпсіздік жастығына қарама-қарсы емес. Кез келген жағдайда, қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік белбеуімен қамтамасыз етілген қорғанысқа қосымша қызмет атқарады, ол тек жүргізуші мен оң жақ алдыңғы жолаушы үшін орташа және қатты дәрежедегі бетпе-бет соққылар немесе қиғаш соққылар орын алған кезде іске қосылады.

4) Қауіпсіздік жастығы үрленгеннен кейін не болады?

Үрленгеннен кейін қауіпсіздік жастығының ауасы тез шығарылады. Ауаның өте тез шығып кететіндіктен, адам қауіпсіздік жастығының үрленгенін түсінбей қалады. Қауіпсіздік жастығы модулінің кейбір бөліктері, оның ішінде жүргізуші алдындағы руль және оң жақ алдыңғы жолаушының алдындағы аспаптар тақтасы, соққыдан кейін қысқа уақыт ішінде қызуы мүмкін. Сіздің денеңізге тиіп тұратын қауіпсіздік жастықтарының кейбір бөліктері жылы немесе сәл ыстық болуы мүмкін. Ауасы шыққаннан кейін қауіпсіздік жастығының желдету саңылауы шамалы түтін мен шаңды шашыратуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығының үрленуі жүргізушінің көру аймағын жаппайды және көлік құралын басқаруға кедергі келтірмейді, сонымен қатар көліктен шығатын жолаушыларға кедергі келтірмейді.

Назар аударыңыз

Қауіпсіздік жастығы үрленген кезде ауаға шаң түсуі мүмкін. Демікпемен немесе тыныс алу жүйесінің басқа ауруларымен ауыратын адамдарда шаң тыныс алу проблемаларын тудыруы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін автокөліктегі барлық жолаушылар көліктен мүмкіндігінше тезірек шығып кетуі керек. Егер сізде тыныс алу жүйесінің аурулары болса және қауіпсіздік жастығы үрленгеннен кейін көліктен шыға алмасаңыз, таза ауамен дем алу үшін терезе мен есікті ашыңыз. Егер қауіпсіздік жастығының үрленуі тыныс алу проблемаларын тудырса, дәрігерге қаралуыңыз керек.

Қауіпсіздік жастығының үрленуіне әкеп соғатын көптеген ЖКО-ларда автокөліктің деформациясына байланысты алдыңғы әйнек көбінесе сынып кетеді. Үрленген кезде оң жақ алдыңғы қауіпсіздік жастығы алдыңғы әйнекті де сындыруы мүмкін. Қауіпсіздік жастығы тек бір рет үрленеді, ал қауіпсіздік жастықтарының кейбір компоненттерін үрленуден кейін ауыстыру керек. Олай болмағанда, қауіпсіздік жастықтарының жүйесі келесі соқтығыс болғанда, қорғауды қамтамасыз етпеуі мүмкін.

Компоненттерді, оның ішінде қауіпсіздік жастығының модулін және басқа да бөлшектерді ауыстыру керек. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта ауыстыруға тиісті компоненттер бар. Автокөлігіңіз соқтығысу датчигімен және соқтығысудан кейінгі ақпаратты жазып алатын диагностикалық модульмен жабдықталған. Тек білікті қызмет көрсететін қызметкерлер қауіпсіздік жастықтары жүйесін реттеуге құқылы, өйткені техникалық қызмет көрсету тиісті түрде орындамау қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмыс істемеуіне әкеп соғуы мүмкін. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.


Назар аударыңыз

Егер сіз жүргізушіге немесе алдыңғы жолаушыға арналған алдыңғы немесе артқы қауіпсіздік жастығының қақпағын зақымдасаңыз, қауіпсіздік жастығы қалыпты жұмыс істемеуі мүмкін. Рульдегі қауіпсіздік жастығы модулін, сондай-ақ алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының модулін және аспаптар тақтасын ауыстыру қажет болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығының қақпағын ашуға және зақымдауға болмайтыны есіңізде болсын.

Пайдалану


Аспаптар тақтасының бейнесі

Люкс класының
нұсқасы




1. Жібітуге арналған желдету саңылауы
2. Аспаптар тақтасы
3. Режимдерді ауыстырып қосқыш
4. Желдеткіштің орталық саңылауы
5. Ескертуші ауыстырып қосқыш
6. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы
7. Ұсақ-түйек тартпасы
8. Кондиционер реттегішінің тұтқасы
9. CD плеер
10. Күлсауыт
11. Газ педалі
12. Тежегіш педалі
13. Әйнектазалағыштың ауыстырып қосқышы
14. Клаксон
15. Руль
16. Аралық ауыстырып қосқыш
17. Ілінісу педалі
18. Сақтандырғыштың жалпақ қақпағы
19. Фаралар жарығын ауыстырып қосқыш
20. Артқы көрініс айналарының жиылуын ауыстырып қосқыш
21. Желдету жүйесінің реттегіші (сол жақ / оң жақ)

Типтік нұсқасы




1. Жібітуге арналған желдету саңылауы
2. Аспаптар тақтасы
3. Режимдерді ауыстырып қосқыш
4. Желдеткіштің орталық саңылауы
5. Ескертуші ауыстырып қосқыш
6. Ұсақ-түйек жәшігі
7. Ұсақ-түйек тартпасы
8. Кондиционер реттегішінің тұтқасы
9. Орталық консольдегі ұсақ-түйек жәшігі
10. Күлсауыт
11. Радио
12. Газ педалі
13. Тежегіш педалі
14. Әйнектазалағыштың ауыстырып қосқышы
15. Клаксон
16. Руль
17. Аралық ауыстырып қосқыш
18. Ілінісу педалі
19. Сақтандырғыштың жалпақ қақпағы
20. Фаралар жарығын ауыстырып қосқыш
21. Қозғалтқышты оталдыру алдында қыздыратын ауыстырып қосқыш
22. Желдету жүйесінің реттегіші (сол жақ / оң жақ)

Рулі оң жақта



1. Жібітуге арналған желдету саңылауы
2. Ұсақ-түйек жәшігі
3. Желдеткіштің орталық саңылауы
4. Ескертуші ауыстырып қосқыш
5. Режимдерді ауыстырып қосқыш
6. Радио
7. Аспаптар тақтасы
8. Клаксон
9. Руль
10. Желдеткіштің бүйірлік саңылауы
11. Қозғалтқышты оталдыру алдында қыздыратын ауыстырып қосқыш
12. Фаралар жарығын ауыстырып қосқыш
13. Сактандырғыштың жалпақ қақпағы
14. Газ педалі
15. Аралық ауыстырып қосқыш
16. Тежегіш педалі
17. Әйнектазалағыштың ауыстырып қосқышы
18. Ілінісу педалі
19. Аяқ тіреуіш
20. Күлсауыт
21. Орталық консольдегі ұсақ-түйек жәшігі
22. Кондиционер реттегішінің тұтқасы
23. Ұсақ-түйек тартпасы

Аспаптар тақтасы




Қозғалтқыштың тахометрі

Қозғалтқыштың тахометрі қозғалтқыштың айналу жылдамдығын (айн/мин) анықтауға арналған, ал қызыл аймақ қозғалтқыштың жоғары жылдамдығын білдіреді.

Көрсеткі қызыл аймақта болған кезде, автокөліктің қозғалысын бастамаңыз, әйтпесе автокөліктің қозғалтқышы қатты зақымдалады. Жүргізіп бейімдеу барысында жоғары айналу жиілігіне жеткізбеуге тырысыңыз.

Қызыл аймақтың бастапқы күйі қозғалтқыш түрімен анықталады.



Отын шығынының датчигі

Отын шығынының датчигі отын бағындағы отынның мөлшерлі көлемін көрсетеді. «F» белгісі бактың «толық», ал «E» белгісі бактың бос екенін білдіреді. Отын шығынының датчигі көлік тегіс жолда келе жатқанда нақты деректерді көрсетеді. Тежеу, үдеу немесе тегіс емес жолмен жүргенде отын шығыны датчигінің көрсеткісі шкаланың әртүрлі көрсеткіштері арасында секіруі мүмкін, автокөлік тұрақты күйде болған кезде, ол қалыпты жағдайға қайтады.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болған кезде, индикатор жұмыс істейді. Көрсеткі «E» аймағына жақындағанда және отын деңгейінің индикатор шамы жанған кезде, автокөлік қалыпты жағдайда жұмыс істеуін жалғастыруы үшін жақын маңдағы жанармай құю станциясында отын құю қажет.

Отын құйып, оталдыру жүйесін қосқаннан кейін отын шығыны датчигінің көрсеткіші баяу қозғалады және жанармай көлемінің жаңа мәнін көрсетеді.

Отын бағының сыйымдылығы: 65 л. Отын деңгейі төмен болған кезде автокөлікті жүргізбеуге тырысыңыз. Егер отын қозғалыс барысында таусылса, қозғалтқыш жанып, каталиттік бейтараптандырғышты түрлендіргіш зақымдалады. Шығарылатын пайдаланылған газ стандарттарына сәйкес келетін отынды (дизель/бензин) пайдаланыңыз.



Спидометр және жүріп өткен жол есептегіші

Спидометр автокөліктің ағымдағы жылдамдығын көрсетеді.


Одометр жалпы жүріп өткен жолды, аралық жүріп өткен жолды және автокөліктің орташа отын шығынын көрсетеді.

Бірінші жолақ: орташа отын шығыны және аралық жүріп өткен жол.

Отынның орташа шығыны: оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда (қозғалтқыш өшірулі), жарықдиодты экран сіздің соңғы сапарыңыздың орташа отын шығынын көрсетеді. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және отын шығыны туралы сигнал ЭББ-дан шықпаса, жарықдиодты экран отын шығыны туралы сигнал алғанға дейін соңғы сапардың орташа отын шығынын көрсетіп тұрады.

Аралық жүріп өткен жол: аралық жүріп өткен жол ауқымы 0 км~999,9 км, дәлдігі 0,1 км құрайды.

б – Екінші жол: жалпы жүріп өткен жол, ауқымы – 0~999999 км, дәлдік – 1км. с – Түймелердің функциялары: бірінші жолақ мәндерін ауыстыру үшін басып қалу (0,3 с аса және 2 с кем) және аралық жүріп өткен жолды бастапқы қалпына келтіру үшін басып тұру (2 с аса және 5 с кем) керек.



Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші

Салқындату сұйықтығының температурасының көрсеткіші оталдыру жүйесінің құлпы қосылған кезде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Автокөлік қалыпты жағдайда жұмыс істеген кезде, салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші циферблаттың ортасында болуы керек. Егер көрсеткі қызыл аймаққа өтіп, ескерту шамы жанса, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы қалыпты мәннен төмен түседі. Автокөлікті жол жиегіне қарай апарып, қозғалтқышты өшіріңіз және салқындату сұйықтығының көлемі мен газ тарату механизмінің белбеуін тексеріңіз. Салқындату жүйесінде ақау болса, JAC ресми қызмет көрсету орталығына хабарласып, жүйені тексертіңіз.

Егер автокөліктің оталдыру жүйесінің құлпын қосқаннан кейін салқындату сұйықтығының температура көрсеткіші төмен температураны көрсетсе, қозғалтқыштың жоғары айналу жиілігі мен шамадан тыс жүктеме түсіруден сақтану керек.

Қозғалтқыш ыстық болған кезде, су бағының қақпағын ашу үшін ешбір амал қолданбаңыз, әйтпесе қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы қысыммен тұрғандықтан сұйықтық сыртқа шашырап, күйік шалуы мүмкін. Осылайша су бағының қақпағын қозғалтқыш толығымен салқындағаннан кейін ашу керек.

Ескертпе:

Қоршаған орта жағдайларына және қозғалыс жағдайларына байланысты көрсеткіш көрсететін температура нақты температурадан сәл өзгеше болуы мүмкін. Егер қоршаған ортаның температурасы -30°C -тан төмен немесе 70°C -тан жоғары болса, көрсеткіштің мәні дұрыс болмауы мүмкін.

Апаттық дыбыс сигналын беру құрылғысы

Апаттық дыбыс сигналын беру құрылғысы аспаптар тақтасының ішіне орнатылған, ол жүргізушіге дыбыс сигналын беріп, ақау туралы ескертеді. Дыбыс сигналын тудыруы мүмкін жағдайлар төмендегі кестеде көрсетілген.


Апаттық дыбыс сигналын беру құрылғылары туралы ақпарат			
Параметрлер	Басымдық	Ескерту талабы	Логика
Тұрақ тежегіші қосылған	1	Тұрақ тежегіші қосылған автокөліктің жылдамдығы 5 км/сағ жоғары	Апаттық дыбыс сигналының ұзақ берілуі
Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы сигнал беру	2	Көліктің жылдамдығы 20 км/сағ асқан, қауіпсіздік белбеуі тағылмаған	Сигнал 90 с бойы 0,5 с құрайтын сигнал жиілігімен естіледі және 0,5 с тоқтайды.

Реттеу тұтқасының іске қосылу логикасы

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болған кезде реттеу тұтқасы іске қосылады.


Бірінші жолақтың мазмұнын ауыстыру үшін басып қалу керек (0,3 с және 2 с арасында). Аралық ақпаратты тазарту үшін басып тұру керек (2 с және 5 с арасында).

Сигнал индикаторының шамдары




Бұрылыс көрсеткішінің индикаторы, жасыл

Бұрылыс сигналының шамы жыпылықтаған кезде, бұрылыс көрсеткішінің индикаторы да жыпылықтайды. Егер тым тез жыпылықтаса, тиісті бұрылыс сигналының шамында ақау болуы мүмкін. Техникалық қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тезірек JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз, әйтпесе басқа жүргізушілер сіздің сигналыңызды анықтай алмауы мүмкін. Ескерту түймесін басқанда, екі бұрылыс индикаторы бірден жанады. Автокөліктің бұрылыс сигналының сыртқы шамдары бір уақытта жанады.




Шалғай жарық шамдарының индикаторы, көк

Шалғай жарық фаралары қосылған кезде, индикатор жанады.




Габарит шамдарының индикаторы, жасыл

Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қосыңыз, аралық ауыстырып қосқышта габарит шамдарын қосыңыз, индикатор жанады. Бұл кезде аспаптар тақтасының жарықтығы 80 %-ға дейін төмендейді.



Батарея күйінің индикаторы, қызыл

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда жанады және қозғалтқыш оталғаннан кейін сөнеді. Егер қозғалтқыш оталған кезде индикатор жанып тұрса, бұл зарядтау жүйесінде ақау бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда автокөлік салонындағы радио, кондиционер және төбе жарығы сияқты барлық қосалқы электр құрылғыларын өшіру керек. Қозғалтқышты өшірмеңіз, өйткені қозғалтқышты қайта іске қосқандықтан, батарея өте тез отырады. Батареяны зарядтау жүйесін тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек JAC ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Мотор майының қысым индикаторы, қызыл

Мотор майының қысым индикаторы мотор майының қысымы тым төмен болған кезде немесе жүйеде проблемалар туындаған кезде, жанады. Қалыпты жағдайда қозғалтқыш майы қысымының индикаторы оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда жанады және қозғалтқыш оталғаннан кейін сөнеді.

Егер қозғалтқыш оталғаннан кейін индикатор жанып тұрса, бұл мотордағы май мөлшері жеткіліксіз екенін немесе басқа да ақаулардың болуын білдіреді. Бұл кезде қауіпсіздік мақсатында көлікті дереу тоқтатып, қозғалтқышты өшіріп, бірнеше минуттан кейін май мөлшерін тексеріңіз. Егер қозғалтқышта май жеткіліксіз болса, аздап май қосып, қозғалтқышты қайта қосыңыз. Егер индикатор 10 секундтан астам уақыт бойы жанып тұрса, жүйені тексеру үшін қозғалтқышты өшіріп, JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз!

Бос жүрісте ұзақ жұмыс істеуге жол бермеңіз. Бос жүрістегі ұзақ жұмыс істеу қозғалтқыштың жұмыстық сипаттамасының нашарлауына әкелуі мүмкін. Егер, қозғалтқыш бос жүрісте ұзақ уақыт жұмыс істеу қажет болса, онда оны бос жүрістің жоғары айналымдарына шығарыңыз (кем дегенде 1000 айн/мин).

Қозғалтқыш қызып кеткен кезде зақымдалған бөлшектер мен тораптарды жөндеуге және ауыстыруға кепілдік міндеттемелер күшін жояды!



Тұрақ тежегішінің және тежеу жүйесі ақауының индикаторы, қызыл

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» немесе «START» күйінде болғанда, осы индикатор жанады. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін тұрақ тежегішінің тұтқасын босатыңыз, индикатор сөнеді.

Егер индикатор басқа жағдайларда жанса, көліктің жылдамдығын төмендетіп, көлікті қауіпсіз жерге апарып, тоқтаңыз.

егер негізгі тежегіш цилиндрінде тежегіш сұйықтығы жеткіліксіз болса, осы көрсеткіш жанады. Егер DOT4 тежегіш сұйықтықтарының сипаттамаларына сәйкес келетін тежегіш сұйықтығының тиісті мөлшерін қосқаннан кейін индикатор сөнбесе және басқа ақаулар табылса, тексеру үшін JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз. Егер индикатор сөнбесе және басқа да ақаулар болса, көлікті жүргізбеңіз, техникалық қызмет көрсету үшін оны сүйреуші автокөліктің немесе өзге де қауіпсіз құралдардың көмегімен JAC ресми сервистік орталығына сүйретіп жеткізіңіз.

Ескерту


Тежеу жүйесінің индикаторы жанған кезде, бұл жүйенің ақаулы екенін білдіреді, көлікті пайдаланбаңыз.

Тежеу жүйесі бұзылған көлікті жүргізу өте қауіпті, бұл жол-көлік апатына және жолаушылардың жарақат алуына әкеп соғуы мүмкін.



Жанармай индикаторы, бозғылт сары

Отын бағындағы отын деңгейі тым төмен болған кезде индикатор жанады, отынды дереу құю қажет. Отын индикаторы қосылған автокөлікті жүргізу немесе индикатор көрсеткішінің «Е» күйінде болуы, қозғалтқышты тұтандырып жібереді.



Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының индикаторы, қызыл

Егер индикатор жанса, бұл қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы нормадан асатынын білдіреді. Көлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз, қозғалтқыштың қақпағын ашып, салқындату сұйықтығы мен су сорғысы белдігін тексеріңіз. Егер салқындату жүйесінде ақау болса, тексеру үшін JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз!


Қозғалтқыштың қызып кету белгілері пайда болған кезде, температура қалыпты жұмыстық ауқымына оралмайынша, басқышты (иінтіректі) акселераторды босату және (немесе) температура қалыпты жұмыс диапазонына оралғанша төмен берілісті қосу арқылы қозғалтқыштың қуатын төмендетуді қамтамасыз етіңіз. Егер қозғалтқыштың температурасы қалпына келмесе, қозғалтқышты тоқтатып, Cummins қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқыш қызып кеткен кезде зақымдалған бөлшектер мен тораптарды жөндеуге және ауыстыруға кепілдік міндеттемелер күшін жояды!




Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту индикаторы, қызыл

Егер бұл индикатор жанса, онда қауіпсіздік белбеуі тағылмаған. Оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйінен «ON» немесе «START» күйіне ауысқанда, қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанады. Қозғалтқышты оталдырыңыз және қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, индикатор сөнеді.




Алдыңғы тұман фараларының индикаторы, жасыл


Алдыңғы тұман фараларын қосыңыз, индикатор жанады.

**Артқы тұман фараларының индикаторы, сары**

Артқы тұман фараларын қосыңыз, индикатор жанады.

**Отын сүзгісінің су деңгейінің индикаторы**

Су-май айырғышындағы су деңгейі қауіпті деңгейге жеткенде, отын сүзгісінің су деңгейінің сенсоры жанады. Су-май ажыратқышынан суды ағызу керек.




Дизельді алдын ала қыздыру индикаторы, бозғылт сары

Егер қоршаған ортаның температурасы төмендесе және оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болса, бұл индикатор біраз уақыт жанады. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін, индикатор сөнеді. Қоршаған ортаның температурасы қалыпты болған кезде, индикатор жанғаннан кейін көп ұзамай сөнеді.




Қозғалтқыштың ақау көрсеткіші

Бұл индикатор – қозғалтқыштың ақауын басқара алатын автокөліктің диагностикалық жүйесінің бөлігі. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырған кезде, индикатор қосылады және қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін өшеді. Егер индикатор қозғалыс барысында жанса немесе «ON» күйінде жанбаса, тексеру жүргізу үшін мүмкіндігінше тезірек JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.



Қозғалтқышты диагностикалайтын борттық жүйенің индикаторы

Бұл индикатор – пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің ақауын басқара алатын автокөліктің диагностикалық жүйесінің бөлігі. Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда, индикатор қосылады және қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін сөнеді. Егер индикатор қозғалыс барысында жанса немесе «ON» күйінде жанбаса, тексеру жүргізу үшін мүмкіндігінше тезірек JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.




Круиз-контроль индикаторы (круиз-контроль жүйесі орнатылған болса)

Егер жол жағдайлары круиз-контроль жүйесінің талаптарына сәйкес келсе, круиз-контроль жүйесін қосуға болады, содан кейін круиз-контроль индикаторы жанады және автокөлік круиз-контроль режиміне ауысады.



Пассивті қауіпсіздік жүйесінің индикаторы, қызыл (пассивті қауіпсіздік жүйесі орнатылған болса)

Егер пассивті қауіпсіздік жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, индикатор жанады. Тексеру жүргізу үшін JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.



Айдап әкетуден қорғау жүйесінің индикаторы, сары (айдап әкетуден қорғау жүйесі орнатылған болса)

Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салғаннан кейін, айдап әкетуден қорғау жүйесінің индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, сөнеді.




Шиналардағы қысымның ескертуші индикаторы, сары (TPMS жүйесі орнатылған болса)

Бұл индикатордың қосылуы қысым тым жоғары немесе тым төмен екенін немесе шиналардағы температура тым жоғары екенін білдіреді. Егер бұл индикатор жыпылықтаса, бұл шинаның тез босап қалатынын білдіреді. Жүйені тексерту үшін JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.

The text "TPMS" is displayed in a large, bold, black, sans-serif font, centered within a rectangular border.

TPMS жүйесінің ақау индикаторы (TPMS жүйесі орнатылған болса)

Бұл индикатордың жануы TPMS жүйесінде ақау бар екенін білдіреді (мысалы, датчиктің электр заряды тым төмен). Жүйені тексерту үшін JAC ресми сервистік орталығына хабарласыңыз.




Күйе сүзгісін тазалау жүйесінің индикаторы, сары (орнатылған болса)

Егер күйе сүзгісін тазарту жүйесінің индикаторы үнемі жанып тұрса, бұл регенерацияның қажеттілігін білдіреді.


Егер күйе сүзгісін тазарту жүйесінің индикаторы үнемі жанып тұрса, бұл регенерацияны жүргізе алатыныңызды білдіреді.

Егер күйе сүзгісін тазарту жүйесінің индикаторы өшірілген болса, бұл автокөліктің қалыпты түрде жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.



Ашық есікті ескерту индикаторы (орнатылған болса)

Бұл индикатор автокөлік иесіне есік жабылмағанын еске салу үшін жанады. Барлық есіктер жабылған кезде индикатор сөнеді.




Орындықтар мен реттеу

Шылымтұтатқыш

Шылымтұтатқышты басыңыз, ол автоматты түрде бастапқы күйіне қайтқаннан кейін шылымтұтатқышты алыңыз. Темекіні шылымтұтатқыштың спиральды қыздырғышынан тұтатыңыз. (Темекі шегу денсаулыққа зиянды). Пайдаланғаннан кейін шылымтұтатқышты ұясына қайта салыңыз.

Ескерту:

- Шылымтұтатқышты пайдаланған кезде сақ болыңыз! Оны дұрыс пайдаланбау өртке әкеп соғуы мүмкін.
 - Қыздыру барысында қызып кетпеуі үшін шылымтұтатқышты баспаңыз.
 - Егер шылымтұтатқыш 30 секундтан кейін бастапқы күйіне оралмаса, қызып кетуден күйіп қалмауы үшін оны шығарып алыңыз.
 - Шылымтұтатқышты қоспағанда, сым желісіндегі ақаулардың алдын алу үшін кез келген жабдықты, соның ішінде MP3, GPS, электр желдеткішін, осы ағытпаға қосуға тыйым салынады.
-



Клаксон

Рульдегі клаксонды басыңыз, сигнал алда келе жатқан жолаушылар мен автокөліктерге ескерту жасайды.



Күлсауыт


Күлсауыт берілістерді ауыстыру тұтқасының артында, жүргізушінің оң жағында орналасқан. Пайдаланған кезде күлсауыттың қақпағын көтеріп, тазалау қажет болған кезде шығарып алыңыз. Пайдаланғаннан кейін, күлсауыттың қақпағын жабыңыз, әйтпесе жанып тұрған темекі басқа темекілердің ұштарын тұтатып, өрт шығаруы мүмкін.



Ұсақ-түйек тартпасы


Ұсақ-түйек тартпасы қолғап немесе көзілдірік сияқты заттарды сақтау үшін қолданылады. Ішінде әртүрлі заттар үшін түрлі кеңістік құруға мүмкіндік беретін жылжымалы аралық қабырға бар. Пайдаланушылар бөлімдерді өздері бөле алады.

Ұсақ-түйек тартпасының ішінде қаламдар, визиткаларды және өзге де заттарды сақтауға арналған ойықтар бар. Ұсақ-түйек тартпасының шамы оны ашқан кезде автоматты түрде қосылады және жапқан кезде өшеді.




Ескерту:

Көлік жүргізген кезде ұсақ-түйек тартпасын ашпаңыз. Олай болмаса, апаттық тежегіш іске қосылғанда немесе апат болған жағдайда ішіндегі заттар шашылып, денеңізге зақым келтіруі мүмкін. Көзілдірік немесе оттық сияқты сынғыш не жарылғыш заттарды ұсақ-түйек тартпасында сақтамаңыз, өйткені автокөлік жүргізген кезде ішкі заттар бір-біріне соқтығысып, ішкі температура көтеріледі.




Сақтауға арналған орын

Сақтауға арналған орын мобильді телефон немесе темекі сияқты заттарды сақтау үшін қолданылады.



Орталық консольдегі сақтауға арналған орын (орнатылған болса)


Орталық консольдегі сақтауға арналған орын смарт-карталар немесе мобильді телефон сияқты майда заттарды сақтау үшін қолданылады.



Желдету саңылаулары (сол жақ және оң жақ)


Тұтқа – ауа ағысының бағытын реттейді

Дөңгелек – ауа көлемін реттейді және желдету саңылауларының ашылуын/жабылуын бақылайды.



Орталық желдету саңылаулары (сол жақ және оң жақ)

Орталық желдету саңылаулары әрдайым ашық болады, ауа бағытын тұтқалармен реттеуге болады. Басқа айнымалы желдету режимін таңдағаннан кейін, бұл саңылауларды жабуға болады.




Есік қаптамасындағы сақтауға арналған бөлім

А аймағы: газеттер немесе карталар сияқты заттарды сақтауға арналған.
В аймағы: стақандарды, бөтелкелерді және т. б. ұстап тұруға арналған, сұйықтықтың төгілмеуі үшін стақандардың қақпақтары болуы керек.

Орындықтар

Орындықтар сізге өзіңізді ыңғайлы сезінетіндей және қауіпсіздік белбеулері мен орындықтардағы энергияны сіңіретін материал арқылы қамтамасыз етілген қауіпсіздікті барынша ұлғайту үшін тігінен отыруға әзірленген. Сонымен қатар орындықтарды немесе арқаларын дұрыс реттеңіз, бұл қауіпсіздікке де әсер етеді.




Жүргізушінің орындығы

Жарақат алу мүмкіндігін азайту үшін келесі ұсынымдарды орындағаныңыз жөн:

- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.
- Аяқ пен педаль арасындағы қажетті қашықтықты сақтау үшін орындықты алға-артқа қозғап реттеңіз.
- Жүргізуші мен руль арасындағы қашықтық кемінде 25 см болуы тиіс. Еркін келе жатқан кезде, жүргізуші орындықтың арқасына толығымен сүйеніп, рульден мүмкіндігінше алыс отыруы керек.
- Бұл көліктің люкс класының нұсқасы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған. Кеудеңіз бен руль арасында жеткілікті орын болуы

үшін орындықтың арқасын ыңғайлы және дұрыс күйге келтіріп реттеңіз. Егер рульге тым жақын отырсаңыз, қауіпсіздік жастығы үрленген кезде сізге зақым келтіруі мүмкін.




Орындықты алға және артқа қозғап реттеңіз

Орындықтың төменгі жағындағы басқару иінтірегін көтеріп, орындықты алға-артқа қозғап, тиісті орынға жылжытыңыз, содан кейін басқару иінтірегін түсіріңіз. Содан кейін орындықтың бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны жылжытып көріңіз.

Ескертпе:

- Орындықты руль мен аспаптар тақтасына тым жақын қоймаңыз.
- Реттегеннен кейін орындық тиісті түрде бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындықтар дұрыс бекітілмеген болса, олар апаттық тежегіш іске қосылған кезде немесе апат болған жағдайда тиімді қорғауды қамтамасыз ете алмайды.



Орындықтың арқасын еңкейту бұрышын реттеу


Орындық арқасын еңкейту бұрышын реттеу иінітірегі орындықтың сыртқы жағында орналасқан.

Тұтқаны тартып, орындықтың арқасын өзіңіз қалаған күйге реттеп, орнатыңыз. Тұтқаны түсіріп, орындық арқасының дұрыс бекітілгенін тексеру үшін орындықтың арқасына толығымен сүйеніп отырыңыз.

Орындықтың арқасын бастапқы күйіне қайтарғыңыз келсе, денеңізді еңкейтіп, реттеу тұтқасын сәл жоғары тартыңыз.


Ескерту:

- Орындық арқасының дұрыс бекітілгенін тексеріңіз. Кері жағдайда, апаттық тежегіш іске қосылған немесе апат болған жағдайда, тиімді қорғаныс қамтамасыз етілмейді.
- Автокөлік жүріп келе жатқан кезде орындықтың арқасын шалқайтушы болмаңыз. Кері жағдайда, апаттық тежегіш іске қосылған немесе апат болған жағдайда, тиімді қорғаныс қамтамасыз етілмейді.
- Люкс класының нұсқасында қауіпсіздік жастықтары орнатылған. Апаттық тежегіш іске қосылған немесе апат болған кезде жарақаттану ықтималдығын азайту үшін жүргізуші мен жолаушының орындықтарының арқалары тік күйінде қалуы тиіс. Егер ол қайырылған болса, қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік жастықтары қамтамасыз ететін қорғаныс айтарлықтай төмендейді.
- Апат болған жағдайда, орындықтардың арқалары шалқайтылса, жүргізуші мен жолаушылар қауіпсіздік белбеуінің төменгі жағына қарай сырғанап түседі. Бұл қауіпсіздік белбеуі толық қорғанысты қамтамасыз ете алмайтынын білдіреді. Автокөлік жүріп келе жатқан кезде орындықтарды реттемеңіз. Әйтпесе бұл апатқа, жазатайым оқиғаларға және басқа да ауыр салдарға әкеп соғады.




Ортаңғы орындықтың арқасы мен ұсақ-түйек тартпасы

Ортаңғы орындықтың арқасын реттеу тұтқасын тартып, оны алға жиюға болады. Орындықтың арқасын соңғы күйіне көтеріңіз, содан кейін ол автоматты түрде бекітіледі. Ұсақ-түйек тартпасын ашу үшін ұсақ-түйек тартпасының қақпағын жоғары көтеріңіз.




Ескертпе:

- Автокөліктің ішіндегі стақанқойғышты тек жабық контейнерлерді орналастыру үшін пайдалануға болады.
- Стақанқойғышты қолданған кезде абай болыңыз. Егер ішіндегі сұйықтық ыстық болса, сыртқа төгіліп, сізді немесе басқа жолаушыларды күйдіруі мүмкін.
- Жиюлы орындықтың үстіне отырмаңыз. Оны тек ұсақ-түйек тартпасы ретінде пайдалануға болады.




Орталық сақтау бөлімі

1. Монеталарға арналған бөлім: монеталарды сақтау үшін пайдаланылады.
2. Сақтау орны: орындық арқасының артқы жағын майда заттарды сақтау үшін пайдалануға болады.
3. Стақанқойғыш: орындықтың арқасы жиналған болса, стақанқойғышты стақандар немесе бөтелкелерді қою үшін пайдалануға болады.



Бассүйегіш

Бассүйегіштің биіктігі жолаушының бойына және оның басының орналасуына байланысты реттелуі керек. Дұрыс реттелген бассүйегіш пен қауіпсіздік белбеуі тиімді қорғауды қамтамасыз етеді. Сапар алдында әр жолаушы басының бассүйегішке дұрыс орналасатынын тексеруі керек.




Бассүйегіштің биіктігін реттеу

- Бассүйегіштің бір жағын бір қолыңызбен ұстап, екінші қолмен түймені басыңыз. Бассүйегішті жоғары және төмен қозғап, тиісті күйге орнатыңыз.
- Бас сүйегіштің биіктігін бойыңызға сәйкес реттеңіз және бас сүйегіштің жоғарғы жағы басыңыздың деңгейінде болатынын және көздің деңгейінен төмен болмайтынын, кем дегенде басыңызға дұрыс тіреуді қамтамасыз ететінін тексеріңіз.

Ескерту:


- Бас сүйегіштің дұрыс орналаспауы оның жұмысын нашарлатады және апат болған кезде сізге қатты жарақат келтіруі мүмкін.

Көру аймағы және жарық




Күнқағар

Автокөлікке екі күнқағар орнатылған. Күнқағарды түсіріңіз, оны бүйір жаққа бұруға да болады.



Күнқағардағы айна (орнатылған болса)

Жолаушы жақтағы күнқағарда косметикалық айна бар. Алдымен күнқағарды түсіріңіз, содан кейін айнаны пайдалану үшін косметикалық айнаның қақпағын ашыңыз.




Күнқағардағы карта қыстырғыш (орнатылған болса)

Жүргізуші жақтағы күнқағарда карта қыстырғышқа арналған қалта бар, оны билеттерді немесе смарт-карталарды орналастыру үшін пайдалануға болады.

Алдыңғы жарық фаралары


Жолда жеткілікті жарық беру үшін және басқа жүргізушілердің көздерін қарықтырмау үшін алдыңғы жарық фараларын дұрыс реттеңіз. Алдыңғы жарық фараларын JAC өкілетті шеберханаларында реттеген жөн.



Алдыңғы жарық фараларын қолмен реттеу

Жарықты солға және оңға қарай реттеу үшін, А жарықты реттеу нүктесін тұқыр сомын кілтімен бұраңыз.


Жарықты жоғары және төмен қарай реттеу үшін В жарықты реттеу нүктесін тұқыр сомын кілтімен бұраңыз. Алдыңғы жарық фарасының құрылымын ескере отырып, алдымен жарықты жоғары және төмен қарай реттеңіз, содан кейін солға және оңға қарай реттеңіз.



Салон жарығының төбе шамы


Төбе шамы DOOR күйінде болған кезде, есік ашылған кезде ол автоматты түрде жанады және есік жабылған кезде кідіріспен сөнөді. Төбе шамын басқару үшін ① немесе ② басыңыз.

Төбе шамы ON күйінде (қосулы) болған кезде, төбе шамы әрдайым жанып тұрады және есіктің ашық немесе жабық болуы оған әсер етпейді. Төбе шамы OFF күйінде (өшірулі) болған кезде, төбе шамы әрдайым сөніп тұрады және есіктің ашық немесе жабық болуы оған әсер етпейді.




Ішкі артқы көрініс айнасы

Айнаның орнын реттеу үшін ішкі артқы көрініс айнасының корпусын суретте көрсетілгенге сәйкес бұрыңыз.



Түнде жарқылға қарсы режимге өту үшін иінтіректі жоғары қарай қайырыңыз




Сыртқы артқы көрініс айналары

Сол жақ және оң жақ сыртқы артқы көрініс айналарын көрсеткі көрсеткендей жоғары немесе артқа қарай жинауға болады.

Қуатты реттеу (орнатылған болса)

Қосымша ақпарат алу үшін «Ауыстырып қосқыштар» бөлімін қараңыз.



Автокөлік жүргізудің алдында

Ішкі және сыртқы артқы көрініс айналарын қажетті бұрышқа дейін реттеңіз.

Электр жетегі бар артқы көрініс айнасын ауыстырып қосу (орнатылған болса)

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда және таңдау ауыстырып қосқышы орташа күйінде тұрмаса, артқы көрініс айнасының реттегішін басқаруға болады.

Таңдаңыз: таңдау ауыстырып қосқышы орташа күйде болған кезде, артқы көрініс айнасының реттегішін басқару мүмкін емес. Сол жаққа орналасқан кезде, реттегішті сол жақ айнаны реттеу үшін пайдалануға болады, ал оң жаққа орналасқан кезде, реттегішті оң жақ айнаны реттеу үшін пайдалануға болады.



Реттеу: артқы көрініс айнасының ауыстырып қосқышындағы төрт түйме төрт бағытқа сәйкес келеді. Түймені басқан кезде айнаның тиісті бөлігі жүргізушіден қарсы бағытқа алшақтайды. Егер түймені басып тұрсаңыз, айна үнемі қозғалады және түйме босатылған кезде қозғалуын тоқтатады.


★ Ескерту:

Айна шекті күйіне жеткен кезде, реттегіш қозғалтқышына немесе қозғалатын механизмiне зақым келтірмеу үшін, түймелерді баспаңыз.

Артқы көрініс айналарын жылыту (орнатылған болса)

Артқы көрініс айнасын жылыту түймесін басқан кезде, артқы көрініс айнасынан булануды немесе су тамшысын кетіру үшін айна қыздырылады.





Электрондық тұрақтылықты бақылау жүйесінің сөндіргіші (ESC)

Электрондық тұрақтылықты бақылау жүйесін қосу немесе өшіру үшін қолданылады. Автокөлік оталған кезде жүйе әдепкі бойынша қосылады. Өшіру үшін түймені басыңыз. Сол уақытта есептегіште ESC OFF бақылау шамы жанады. Ауыстырып қосқышты қайтадан басыңыз; функция қайтадан қосылады.

ESC электрондық тұрақтылықты бақылау жүйесі*

Электрондық тұрақтылықты бақылау жүйесі сізге жүргізудің ауыр жағдайында автокөлік тұрақтылығын жақсартуға көмектеседі. Жүйе автокөлікті басқарудан айырылғаныңызды анықтаған кезде, электрондық тұрақтылықты бақылау жүйесі бөлек дөңгелектерді тежеу арқылы қозғалысты тұрақтандырады. Жүйе көлік құралының тұрақтылығын жақсартып алады. ESC жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде, ESC жүйесінің  индикаторы панельде жыпылықтайды. Сізге шу естілуі мүмкін және тежегіш педалінің дірілін сезінесіз.

Бұл қалыпты жағдай. Көлікті өзіңіз қалаған бағытта жүргізуді жалғастырыңыз.

ESC жүйесін өшіру

Келесі ерекше жағдайларда ESC жүйесінің функциясын өшіру үшін ESC OFF түймесін басыңыз, сонда жүйені өшіру индикаторы  жанады.


Мысал:

1. Автокөлік сырғытпайтын шынжырмен жұмыс істеген кезде.
2. Терең қарда немесе жұмсақ бетпен келе жатқан кезінде.
3. Көлік бір жерде тұрып қалып (мысалы, топырақ жолда тұрып қалды), оны алға-артқа ырғалу керек болған кезде.

Жоғарыда айтылғандардан басқа барлық қалған жағдайларда ESC жүйесінің функциясын қосулы қалдыру керек.

ESC жүйесін қосу

ESC жүйесінің функциясын өшіргеннен кейін ESC OFF түймесін қайтадан басыңыз, жүйе қайтадан қосылады, ал панельдегі жүйені өшіру индикаторы  сөнеді.



Сұйықтық жылытқышының ауыстырып қосқыш (орнатылған болса)


Сұйықтық жылытқышының блогы негізінен қыста қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын жылыту үшін қолданылады, ол суық іске қосуды жеңілдету, сонымен қатар кабинаның жылу әсерін жақсарту функциясына ие.

Егер қыста қозғалтқышты оталдыру қиын болса, сұйықтық жылытқышын 10-20 минутқа қосыңыз. Автокөлік оталғаннан кейін жылытқышты өшіріңіз.

1. Ауа райы өте суық болған кезде, қозғалтқыш өшірілген кезде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын жылыту үшін сұйықтық жылытқышын қосуға болады және кондиционер өшірулі болса да, кабинаны жылыту үшін ауа айдауышын қосуға болады.

Назар аударыңыз:

1. Сұйықтық жылытқыштың негізгі функциясы – ауа райы суық болғанда, қозғалтқышты оталдыруға көмектесу. Қозғалтқыш өшіріліп тұрғанда, кабинаны жылыту үшін сұйықтық жылытқышын қолданған кезде, ауа айдауышы мен сұйықтық жылытқышы батареяның қуатын тұтынады, бұл ұзақ уақыт жұмыс істеген кезде, батареяның кернеуін төмендетеді және автокөліктің жұмысына әсер етеді. Осылайша сұйықтық жылытқышының нақты жұмыс уақыты батареяның кернеуі мен өнімділігіне байланысты.
2. Сұйықтық жылытқышын қосқан кезде оталдыру жүйесінің кілті АСС күйінде болуы керек.



Жүргізуші орындығы жылытқышының ауыстырып қосқышы (орнатылған болса)

Автокөліктің оталдыру жүйесі ON күйінде болған кезде осы түймені басыңыз, жүргізушінің орындығы жылына бастап, индикатор жанады; түймені тағы бір рет басыңыз, орындықты жылыту тоқтатылып, индикатор сөнеді.


Назар аударыңыз:

1. Артқы әйнектің ішкі бетіне өткір заттарды пайдаланбаңыз, әйтпесе қыздырғыш сақтандырғышы кесіліп, бүлініп қалуы мүмкін, бұл кепілдікпен қалпына келтірілмейді. Тұман құрылғысына көлік құралының уақытша нөмірлік белгісін, желімденетін таспаны, шыныға арналған желімді немесе басқа заттарды жабыстырмаңыз.
 2. Автокөліктің буланған терезелерінен туындаған нашар көрініс жол-көлік оқиғалары немесе жарақат алу қаупін арттырады, сондықтан булануды жою мен жібіту функцияларын дұрыс қолдануды үйреніңіз.
-

Апат туралы ескерту шамы

Апат туралы ескерту шамы автокөліктің қуаты өшірілген кезде іске қосылуы мүмкін.

Қосылуы: жолдағы кептеліс, апаттық жағдай болған немесе автокөлігіңіз техникалық себептермен істен шыққан жағдайда.



Апат туралы
ескертуді қосқыш




Ескерту:

Апат туралы ескерту шамын 1 сағаттан артық уақытқа жанып тұрған күйінде қалдырмаңыз. Әйтпесе батареялар разрядталып қалады.

Алдыңғы жарық фараларын электрлік реттеу жүйесі

Қарама-қарсы келе жатқан жүргізушілердің көздерін қарықтырмау үшін, таяу жарықтың оптикалық қашықтығы жүктемеге сәйкес дұрыс реттелуі керек. Фаралар жарығының шамын ауыстырып қосқыш келесі түрде белгіленеді:



режим	-1	0	1	2	3
орнату бұрышы	1°	0°	-0.8°	-1.6°	-2.5°

Фара жарығын реттейтін электр ауыстырып қосқыштың орналасқан жері:




Артқы көрініс айналарын жинау

Артқы көрініс айнасын тұраққа қойған немесе тар жолмен өткен кезде, айнаны қорғау үшін ғана емес, сонымен қатар сызаттарды болдырмау үшін жинауға болады Артқы көрініс айнасын жинау үшін электр жетектің түймесін басыңыз, оны ашу үшін түймені жіберіңіз.


Түйменің орналасуы:




Артқы көрініс
айнасын жинау
түймесі



Аралық ауыстырып қосқыш






Алдыңғы тұман фаралары:

Алдыңғы тұман фарасының ауыстырып қосқышы жарық ауыстырып қосқышының тұтқасына орнатылған. Жарық ауыстырып қосқышы габарит шамдары немесе таяу жарық фарасы күйіне ауыстырылған кезде, тұман фарасын қосу үшін тұтқаны алдыңғы тұман фарасына дейін бұрыңыз, осы кезде аспаптар тақтасында алдыңғы тұман фарасының индикаторы қосылады.

Артқы тұман фаралары:

Артқы тұман фарасының ауыстырып қосқышы жарық ауыстырып қосқышының тұтқасына орнатылған. Алдыңғы тұман фарасы қосылуы тұрған кезде, тұтқаны артқы тұман фараларын қосу үшін артқы тұман фараларына қарай бұрыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасында артқы тұман фараларының индикаторы қосылады.

Кеңестер: ең алдымен алдыңғы тұман фараларын қосу керек. Содан кейін артқы тұман фараларын қосуға болады. Күндізгі жүріс жарығы (орнатылған болса): күндізгі жүріс жарығы автокөліктің жүріп келе жатқан кезде жақсы көрінуін қамтамасыз ету үшін қолданылады. Оталдыру жүйесінің құлпы ON күйінде болғанда және тұрақ тежегіші босатылғанда, күндізгі жүріс шамдары қосылады.




Руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы

Руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы оталдыру жүйесі қосылған кезде ғана жұмыс істейді.

Автокөлікті оңға бұру қажет болса, руль астындағы жарық ауыстырып қосқышын жоғары қарай тартыңыз, ал егер солға бұру қажет болса, руль астындағы жарық ауыстырып қосқышын төмен тартыңыз.


Оталдыру жүйесін сөндірген кезде, руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы автоматты түрде өшеді.



Жарық ауыстырып қосқышы


Қосу

Бүйірлік шамдарды, артқы шамдарды, нөмір белгісінің шамын және бақылау шамын қосу үшін ауыстырып қосқыштың ұшын бірінші күйге бұраңыз. Алдыңғы фараны қосу үшін екінші күйге бұраңыз. Жарықты өшіру үшін көп функциялы қосқышты «OFF» (Өшіру) күйіне бұраңыз.



Шалғай жарық ауыстырып қосқышы

Алдыңғы жарық фаралары қосулы тұрған кезде, шалғай жарықты қосу үшін басқару тұтқасын басыңыз, сонда аспаптар тақтасында индикатор жанады. Таяу жарыққа ауысу үшін тұтқаны жүргізушіге қарай тартыңыз.




Алдыңғы әйнекжуғыш

Әйнекжуғышты қосу үшін ауыстырып қосқыш тұтқасын суретте көрсетілгендей бұрыңыз. Әйнекжуғыш қосылған кезде, алдыңғы әйнекті жуу үшін су автоматты түрде бүркілетін болады. Сонымен қатар әйнектазалағыш жұмыс істей бастайды және қосқыш босатылған кезде тоқтайды.

★ Ескерту:

Инжектор бір уақытта 15 секундтан артық жұмыс істей алмайды, егер жуғыш сұйықтығына арналған бак бос болса, оны қосуға болмайды. Үсік түскен кезде қатпайтын жуғыш сұйықтығын қолдану керек.



↑ MIST

↓ OFF

↓ INT

↓ LOW
HI

Әйнектазалағыш пен әйнекжуғыш ауыстырып қосқышы

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болған кезде, әйнекжуғыш және әйнектазалағыш келесі күйлерде жұмыс істей алады:

1. Бір рет қозғалту
1. ӨШІРУ
2. Үзілмелі режим
3. Баяу қозғалту

Жылдам қозғалту

Ауыстырып қосқыш «INT» күйінде болған кезде, әйнектазалағыштың қозғалысын 2 с пен 12 с аралықта орната аласыз.

★ Ескерту:

Қысқы немесе аязды уақытта әйнектазалағышты қосудың алдында әйнек тазалағыштың алдыңғы әйнекке қатып қалмағанын тексеріңіз.



Есік құлыптарын қашықтан басқару

Ыңғайлы пайдалану үшін әр автокөліктің құлыпты қашықтан басқаруға арналған бір кілтi бар.

1. құлыптау 2. құлпын ашу 3. металл тақтайша (кілт коды жазылған жер).
Есік құлыптарын қашықтан басқару келесідей жұмыс істейді:

Құлыптау: барлық есікті құлыптау үшін есікті құлыптау түймесін басыңыз және барлық есік құлыпталған кезде, көліктің бекітілгенін көрсететін индикатор шамы жанады. Егер шам жанбаса, барлық есік тиісті түрде бекітілгенін тексеріңіз.


Құлыпты ашу: суретте көрсетілгендей барлық есіктерді құлыптан шығарыңыз. Индикатор шамы екі рет жыпылықтайды, осылайша барлық есіктердің құлпы ашылғаны көрсетіледі. Егер есік 30 секунд ішінде ашылмаса, ол қайтадан құлыпталады.

**Кілт коды**

Кілт коды металл пластинада орналасқан. Қауіпсіздік мақсатында кодты қажет болған жағдайда табуға болатынына көз жеткізу үшін кілттің кодын жазып алғаныңыз жөн.

Ескерту:

1. Кілтті балалармен бірге автокөлік ішінде қалдырмаңыз, өйткені олар электр әйнек көтергішті іске қосып жіберуі мүмкін немесе тіпті автокөлікті оталдырып та жіберуі мүмкін.
 2. Егер сізге қосымша кілттер қажет болса немесе кілт жоғалса, JAC ресми дистрибьюторы кілт кодын айтқаннан кейін жаңа кілттерді жасай алады.
 3. Есіктерді қашықтан басқарылатын кілтпен қайта құлыптап, құлпын ашпаңыз және су өткізбеу қабілетінің бұзылу ықтималдығына назар аударыңыз.
-



Есіктің сыртқы тұтқасы

1. Есікті бекіту: есікті бекіту үшін кілтті салып, оң бағытқа бұраңыз. Есіктің ашылмайтынын тексеру үшін тұтқаны тартыңыз.
2. Есіктің құлпын ашу: есіктің құлпын ашу үшін кілтті салып, кілтті теріс бағытта бұрыңыз. Есікті ашуға болатынын тексеру үшін тұтқаны тартыңыз.
3. Есікті ашу: есік құлыпталмаған кезде, ашу үшін есіктің тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.


Есіктің ішкі тұтқасы

1. Есікті бекіту: құлыптау үшін есіктің тұтқасының жанындағы ішкі құлыптау түймесін артқа жылжытыңыз (түймедегі қызыл белгі көрінбейді). Есіктің ашылмайтынын тексеру үшін тұтқаны тартыңыз.
2. Есіктің құлпын ашу: құлыпты ашу үшін есік тұтқасының жанындағы ішкі құлыптау түймесін алға жылжытыңыз (түймедегі қызыл белгі көрінеді). Тұтқаны тартыңыз, есік ашылады.
3. Есікті ашу: есіктің құлпы ашылған кезде, есікті ашу үшін есіктің тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.

Кеңестер:

1. Автокөлікті оталдырудың алдында есіктің жабылғанын және бекітілгенін тексеріңіз.

2. Есік құлыпталған кезде, есік тұтқасын сындырып алмау үшін оны күшпен тартпаңыз.
3. Есікті құлыптау және құлпын ашу әрекетін автокөліктің сыртындағы қашықтан басқару кілтімен орындауға болады.




Есік панелі

Есікті ашу / жабу

Есікті ашу: есік құлыптан шығарылған кезде есікті ашу үшін есік тақтасын сыртқа қарай итеріңіз.


Есікті жабу: есік панелін, есік жабылғанша, ішке қарай итеріңіз (оның күйі суретте көрсетілген).

Алдыңғы күнқағар пердені құлыптау жүйесі



Алдыңғы күнқағар пердені ашуға арналған тұтқа


Алдыңғы күнқағар перденің бірінші құлпын ашу үшін, суретте көрсетілгендей, пердені ашатын тұтқаны қолданыңыз.



Алдыңғы күнқағар перде құлпының жұмысы


Алдыңғы күнқағар перденің бірінші құлпы алдыңғы құлыпты ашу тұтқасымен ашылған кезде, алдыңғы күнқағар пердесі белгілі бір бұрышқа ашылады. Содан кейін алдыңғы күнқағар пердені ашу үшін суретте көрсетілгендей екінші құлыпты ашу тұтқасын қолданыңыз.

Отын құю аузының қақпағы (орнатылған болса)




Отын құю аузының қақпағын ашуға арналған тұтқа

Суретте көрсетілгендей, отын құю аузының қақпағын ашу үшін тұтқаны қолданыңыз.



Отын құю аузының корпусы

Отын құю аузының қақпағы ашуға арналған тұтқамен ашылған кезде, қақпақ белгілі бір бұрышпен ашылады. Содан кейін отын құю аузының қақпағын ашу үшін суретте көрсетілгендей қақпақты бұрыңыз. Қақпақты жабу үшін қақпақты суретте көрсетілгенге қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.




Отын құю аузының қақпағының құлпы (орнатылған болса)

Отын құю аузының қақпағының құлпы отын құю аузының қақпағында орналасқан. Отын құю аузының қақпағын ашу үшін кілтті оның құлпына салыңыз.

Электр әйнеккөтергішті пайдалану (орнатылған болса)

Электр әйнеккөтергіштердің жұмысы үшін оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болуы қажет.



Электр әйнеккөтергіштердің негізгі ауыстырып қосқышы

Негізгі ауыстырып қосқыш жүргізушінің сол жағында орналасқан, сол және оң жақ алдыңғы әйнектерді басқаруға арналған. Әйнекті ашу үшін ауыстырып қосқышты басыңыз және әйнекті жабу үшін ауыстырып қосқышты жоғары қарай тартыңыз.

Автоматты режим


Жүргізуші есігінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің әйнегін негізгі ауыстырып қосқыштың көмегімен автоматты режимде толық түсіруге болады. Ол үшін әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын күшпен басып қалыңыз. Әйнек автоматты түрде толығымен түсіріледі. Әйнек түсуін тоқтату үшін ауыстырып қосқышты тағы бір рет басыңыз. Ауыстырып қосқышты жоғары қарай тартыңыз және әйнек қалаған биіктікке көтерілгенше ұстап тұрыңыз.

★ Ескерту:

Көліктен шыққан кезде немесе тіпті уақытша кетіп бара жатқанда, оталдыру жүйесінің құлпын өшіруді ұмытпаңыз. Балаларды көлікте жалғыз қалдырмаңыз.

Өзіңізге зақым келтірмеу үшін әйнекті жапқан кезде абай болыңыз.

Ескертпе: тек жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштердің негізгі ауыстырып қосқышының әйнекті түсіруге арналған екі түймесі болады. Басқаларында бір ғана түймесі бар.



Электр әйнеккөтергішті алдыңғы жолаушы жақтан пайдалану (орнатылған болса)

ҚОСУЛЫ: әйнекті түсіру үшін ауыстырып қосқышты басыңыз

ӨШІРУЛІ: әйнекті көтеру үшін ауыстырып қосқышты жоғары тартыңыз

★ Ескерту:

Негізгі ауыстырып қосқыш пен қосалқы ауыстырып қосқышты бір уақытта әртүрлі бағытта жылжытпаңыз. Әйтпесе терезе әйнегі тоқтайды және оны көтеру немесе түсіру мүмкін болмайды.

Имобилайзер (орнатылған болса)

Автокөлігіңіздің имобилайзер функциясы бар, ол транспондермен және имобилайзердің көмегімен екі рет шифрлайтын болады. Имобилайзер және EMS электрондық бақылау жүйесі айдап әкетуден қорғау қызметін атқарады және автокөліктің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Имобилайзер жүйесін іске қосу

Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйіне ауыстырыңыз, содан кейін өшіріңіз. Имобилайзер жүйесі іске қосылады, имобилайзер индикаторы 5 с аралықпен жыпылықтайды.

Имобилайзер жүйесін өшіру

Келесі әрекеттердің кез келгенін қолдана отырып, имобилайзер жүйесін өшіруге болады:

- Имобилайзері бар кілт қажет, жүйе кілттің кодын анықтайды.
- Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салыңыз және «ON» күйіне бұрыңыз.
- Қозғалтқышты іске қосыңыз.
- Имобилайзер индикаторы сөнеді.

Имобилайзердің апаттық сигналының іске қосылу тәртібі

- Автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде (автокөліктің қуаты қосылған, бірақ оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйінде), индикатор 5 с аралығымен жыпылықтап, әр аралық сайын 250 мс ішінде жанып тұрады.
- Егер имобилайзерді сертификаттау жүргізілмесе, индикатор әр 0,5 с аралығымен жыпылықтап, әр аралық сайын 250 мс ішінде жанып тұрады.
- Егер имобилайзерді сертификаттау сәтті өтсе, индикатор сөніп қалады және жыпылықтамайды.
- Компоненттердің жұмысына байланысты индикатордың нақты жұмыс уақыты сәл өзгеше болуы мүмкін, бірақ индикатордың жұмыс режимінің өзгеше болуы анық көрінеді.
- Имобилайзер индикаторы аспаптар тақтасында орналасқан.

Айдап әкетуден қорғау жүйесі (орнатылған болса)

Автокөліктің айдап әкетуден қорғау жүйесі, әсіресе кейбір қалаларда, ерекше емес. Автокөлік көптеген айдап әкетуден қорғау құрылғылармен жабдықталғанына қарамастан, олардың ешқайсысы автокөлікті айдап әкетуден толық қорғай алмайды.

Сіздің көлігіңіз айдап әкетуден қорғау жүйесімен жабдықталған. Айдап әкетуден қорғау жүйесін тек механикалық кілтті немесе қашықтан басқару кілтін пайдалану арқылы іске қосуға болады. Егер есік жабылмаса, айдап әкетуден қорғау жүйесі іске қосылмайды.

Айдап әкетуден қорғау жүйесін іске қосу

1. Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне орнатып, оталдыру жүйесінің кілтін суырып алыңыз.
2. Барлық есіктер мен әйнектерді жабыңыз. Барлық терезелер жабық екеніне көз жеткізіңіз, өйткені терезелер ашық болса да, жүйе іске қосылады.
3. Есікті құлыптау үшін қашықтан басқару кілтін пайдаланыңыз немесе механикалық кілтті сол жақ алдыңғы есіктің құлыптау цилиндріне салыңыз.

Ескертпе:

1. Есік қашықтан басқару пультімен құлыпталған кезде, жарықдиод жыпылықтайды және барлық есіктер құлыпталады.
2. Есік құлпын немесе жүксалғыштың есігін кез келген басқа тәсілмен ашу әрекеті жасалған кезде сигнал іске қосылады.
3. Егер сіз айдап әкетуден қорғау жүйесін іске қоса алмасаңыз, сол жақ алдыңғы есікті құлыптау үшін кілтті пайдаланыңыз.
4. Сигналдың кездейсоқ іске қосылуын тоқтату үшін келесі қадамдарды орындаңыз:
Қашықтан басқару құралындағы құлыптау не құлыпты ашу түймесін басыңыз немесе құлыптау не құлыпты ашу үшін механикалық кілтті сол жақ алдыңғы есіктің құлыптау цилиндріне салыңыз.

Айдап әкетуден қорғау жүйесін өшіру

Айдап әкетуден қорғау жүйесін қашықтан басқару кілтіндегі құлыпты ашу түймесімен немесе есікті ашу үшін сол жақ алдыңғы есіктің құлыптау цилиндріне механикалық кілтті енгізу арқылы өшіруге болады.

Ескертпе:

Егер есік ашылмаса немесе қозғалтқыш қашықтан басқару кілтімен айдап әкетуден қорғау жүйесін ашқаннан кейін 30 секунд ішінде іске қосылмаса, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталып, айдап әкетуден қорғау режимі қайта қосылады.

Айдап әкетуден қорғау сигналын қалай іске қосуға болады

Егер жүксалғыштың қақпағы механикалық кілтпен емес, қашықтан басқару кілтімен ашылса, дыбыс сигналы естіліп, апаттық сигнал шамы шамамен 90 секунд жыпылықтап тұрады.

Айдап әкетуден қорғау сигналын қалай тоқтатуға болады

Егер айдап әкетуден қорғау сигналы іске қосылса, қашықтан басқару пультіндегі құлыптау/құлыптан босату түймесін басыңыз немесе сигналды ажырату үшін жүргізуші жақтағы есік құлпын ашу үшін механикалық кілтті пайдаланыңыз.

Антенна коммутациясы және акустика




Антенна

Автокөлікте өзекті антенна қолданылады, антеннаның ұзындығы қолмен реттеледі. Радиобайланыстың сезімталдығын арттыру үшін антеннаны созыңыз.

Егер автокөлік төбесі төмен гаражда тұрса немесе тазалаған кезде, антеннаны ыңғайлы күйге орнату керек.


Ауаны желдету жүйесі (орнатылған болса)

Үрлеу саңылауларының орналасуы




№	Үрлеу саңылауының сипаттамасы	Функциялар
1	Бетке үрлейтін сол жақ шығыс саңылауы	Бетке үрлеу
2	Бетке үрлейтін ортаңғы шығыс саңылауы	Бетке үрлеу
3	Бетке үрлейтін оң жақ шығыс саңылауы	Бетке үрлеу
4	Сол жақ және оң жақ жылыту шығыс саңылауы	Бүйірлік әйнекті жылыту
5	Алдыңғы әйнекті жылытатын шығыс саңылауы	Алдыңғы әйнекті жылыту
6	Аяқтарға төменнен үрлейтін шығыс саңылауы	Аяқтарға үрлеу

Үрлеу бағытын реттеу



Ауа кондиционерін басқару құрылғысы функциясының сипаттамасы

Құрылғы құрылымы



№	Сипаттамасы
1	режим
2	үрлеу режимі
3	температура
4	Ауыстырып қосқыш
5	Ішкі/сыртқы үрлеу тұтқасы

Режим сипаттамасы

Сурет	Функция	Сипаттамасы
	Бетке үрлеу	Беттің жайлылығын арттыру үшін барлық үрлеу 1, 2 және 3 шығу саңылауларынан жүргізілетін болады.
	Бет пен аяққа үрлеу	Бет пен аяқтың жайлылығы үшін барлық үрлеу 1, 2, 3 және 6 шығыс саңылауларынан жүргізілетін болады.
	Аяқтарға үрлеу	Аяқтың жайлылығын арттыру үшін барлық үрлеу 6 шығыс саңылауынан жүргізілетін болады.
	Аяққа үрлеу және жылыту	Көру анықтығы мен аяқтың жайлылығын арттыру үшін барлық үрлеу 4, 5 және 6 шығу саңылауларынан жүргізілетін болады.
	жылыту	Көру анықтығын жақсарту үшін 4 және 5 шығыс саңылауларынан үрленетін болады.

Ішкі/сыртқы үрлеу тұтқасы

Сурет	Сипаттамасы	
	Ішкі иінтірек	Ауа автокөліктің ішінде айналады және сыртқы ауаның автокөлікке кіруіне жол бермейді.
	Сыртқы иінтірек	Ауа автокөлікке сырттан келетін болады.



Кондиционер компрессорының ауыстырып қосқышы

Сурет	Сипаттамасы	
	КК қосулы	КК (кондиционер компрессорын) іске қосыңыз, желдеткіш салқындату режимінде жұмыс істей бастайды.
	КК өшірулі	КК ажыратыңыз. Салқындату режимі де жұмысын тоқтатады.

Ауа кондиционері жүйесінің жұмыс режимі



Жылыту режимі

Жылы үрлеу режимі





«Режим» түймесін «Аяқтарға үрлеу» немесе «Аяқтарға үрлеу және жылыту» режимін іске қосу үшін, бұрып, сыртқы иінтірекке ауысыңыз, желдің көлемі мен температурасын жеке сезімдерге сәйкес реттеуге болады.

Қуатты ауа ағыны режимі




Аяқтарға үрлеу немесе аяқтарға және бетке үрлеу режимін қосу үшін, «Режим» түймесін бұрып, ішкі иінтірекке ауысыңыз, температура түймесін оңға, ал ең көп қыздыру көлемін алу үшін үрлеу көлемін ең үлкен деңгейге бұрыңыз.

Бас пен аяққа жылы үрлеу режимі



«Аяқтарға үрлеу» немесе «Аяқтарға және бетке үрлеу» режимін іске қосу үшін «Режим» түймесін бұрып, сыртқы иінтірекке ауысыңыз, желдің көлемі мен температурасын жеке сезімдерге сәйкес реттеуге болады.



Мұздатуға қарсы режимі



«Аяқтарға үрлеу» немесе «Мұздатуға қарсы» режимін қосу үшін «Режим» түймесін бұрыңыз және сыртқы иінтірекке ауысыңыз, содан кейін әйнектен қырау кетеді. Мұздатуға қарсы режимді автокөлік қозғалмай тұрған кезде орнатқаныңыз жөн.


Салқындату режимі

Сергітетін желмен жалпы үрлеу режимі



Кез келген режимде ауаны желдету жүйесінің қосқышын түртіңіз және қосқыш индикаторы қосылады. Ішкі/сыртқы иінтіректің қосқышы сыртқы иінтіректе орналасады. Жел ағынының көлемі мен температурасын жеке сезімдерге сәйкес реттеуге болады.


Қарқынды үрлеу режимі




Бетке үрлеу режимін орнатыңыз және кондиционердің қосқышын басыңыз. Ішкі/сыртқы иінтіректің қосқышы ішкі иінтіректе орналасады. Температураны реттеу түймесін солға бұрып, салқындатудың ең үлкен көлемін алу үшін үрлеуді ең жоғары деңгейге қойыңыз. Бұл режим жазда ыстық ауа райында қолдануға жарамды.

Жылыту режимін пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Буланған әйнекті тазарту



Ішкі және сыртқы айналым түймесі ішкі айналым режимінде қалуы үшін түймені буланған әйнекті тазалау режиміне бұрыңыз (яғни, ауыстырып қосқыштың индикатор шамы жарық режимінде қалады), қызыл аймақтың оң жағындағы температураны реттеу түймесін бұрыңыз, желдің жылдамдығын реттеу түймесін максималды ауа ағынын беретін күйге бұрыңыз. Осы уақытқа дейін максималды жылу ағынына қол жеткізіледі, ыстық бу алдыңғы әйнектің ішкі жағындағы булануды құрғатады.

Жаздыгүні әйнектің булануын жою

Режим түймесін булануды жою режиміне бұрыңыз, ауыстырып қосқыштың индикатор шамы қосулы күйде болуы үшін кондиционер қосқышын басыңыз.

Ішкі және сыртқы айналым түймесі ішкі айналым режимінде қалады (яғни, түйменің индикатор шамы жарық режимінде қалады), көк аймақтың сол жақ бұрышындағы температура түймесін бұраңыз, жел жылдамдығы түймесін максималды ауа ағынының күйіне бұрыңыз. Осы уақытқа дейін салқындатудың максималды жылдамдығына қол жеткізіледі, бұл режим жаңбырлы жаз күнінде қолдануға, терезе әйнегінің ішкі жағындағы булануды кептіруге жарамды.

Пайдаланған кездегі сақтық шаралары

1. Ыстық ауа райында, автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұрса, терезені ашып, жолаушыларды отырғызудың алдында салоннан ыстық ауаны шығарыңыз, содан кейін терезені жауып, кондиционер мен ішкі айналым режимін қосыңыз, бұл салқындату уақытын қысқартады және жүйенің жұмыс істеу тиімділігін арттырады.
2. Егер сіз ішкі айналым режимін қолдана отырып, автокөліктің температурасын ұзақ уақыт бойы төмендетсеңіз, салондағы ауа тым құрғап кетсе, ауаны желдету жүйесіне зақым келуі мүмкін, қозғалтқыш қатты қызып кетуі мүмкін. Жоғарыда аталған жағдайдың алдын алу үшін, автокөліктегі ауа салқындағаннан кейін, кондиционерді өшіріп, біраз уақыттан кейін оны қайта қосыңыз.
3. Кондиционердің шығыс ағынының бағытын өз қалауыңыз бойынша реттеуге болады, кондиционердің ең жақсы функцияларын қамтамасыз ету үшін суық және ыстық ауаның берілуін реттеңіз, дұрыс басқару салқындату ашылған кезде шығыс саңылауының бағытын жоғары қарай реттеу, ал жылыту қосылған кезде шығатын тесікті төменгі бағытқа бағыттауда тұрады.
4. Кондиционерді қыста немесе сирек қолданған кезде, кондиционердің компрессорын ауық-ауық бірнеше минутқа ашыңыз, бұл майлау айналымын жақсартады және жүйені жақсы жұмыс күйінде сақтайды.
5. Қыста ішкі айналымды ұзақ уақыт пайдаланған жағдайда терезе әйнегі булануға ұшырауы мүмкін. Бұл жағдайда булануды жою режимін таңдау қажет.

Жүргізу

Оталдыру жүйесінің құлпы



«ҚҰЛЫПТАУ»

Кілтті тек LOCK (құлыптау) күйінде болған жағдайда ғана салуға немесе шығаруға болады, автокөлікті тұраққа қойған және құлыптаған кезде кілтті теріс бағытқа бұрыңыз, оны «LOCK» күйінде шығарыңыз, сонда автокөлік ұрланған жағдайда, руль құлыпталып қалады.

«ACC»

Кілт «ACC» күйінде болған кезде, дыбыс жүйесі мен шылымтұтатқыш пайдалануға қолжетімді болады. Аккумулятордың кернеуін жеткіліксіз болмауы үшін дыбыс жүйесі мен шылымтұтатқышты пайдаланбағаныңыз жөн.

«ҚОСУ»

Кілтті «ҚОСУ» күйіне бұраңыз, аспаптар тақтасындағы индикатор шамы жанады, қажет болған жағдайда, барлық компоненттер күту режимінде болады, кілт автокөлік қозғалысы барысында осы күйде қалады, егер қозғалтқыш оталмаса, кілтті «ҚОСУ» күйіне ұзақ уақыт ұстауға болмайды, осы әрекеттің нәтижесінде өздігінен разряд пайда болуы мүмкін және оталдыру жүйесі зақымдалуы мүмкін, бұл батарея кернеуінің жеткіліксіз болуына әкеп соғады.

«ІСКЕ ҚОСУ»

Бұл күй қозғалтқышты оталдыру үшін қолданылады, кілтті «Іске қосу» күйіне бұрыңыз, қозғалтқыш жұмыс істей бастайды. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін оталдыру жүйесінің кілтін босатыңыз, қосқыш автоматты түрде «ҚОСУ» күйіне оралады.


Кабинаның еденіне орнатылған реттегіш



Берілісті ауыстыру тұтқасы

Редукторды ауыстырғанда әр кез ілінісу педалін алдын ала еденге дейін басыңыз. Берілісті ауыстыру механизмінің орналасу сызбасы берілістерді ауыстыру иінтірегінің тұтқасында орналасқан. Берілісті ауыстырып қосу иінтірегін реверсивті жүріске ауыстырыңыз, өйткені бастапқы қосқыш кілті «қосылу» күйінде болып, артқа жүру индикаторының шамы жанады.


Берілісті ауыстырып қосу иінтірегін артқы жүріске ауыстыру алдында, автокөлік қол тежегішіне бекітілуі керек.



Тежегіш педалі


Кенеттен тежелуді болдырмас үшін тежегіш педалін жайлап басыңыз.

Егер қозғалтқыш автокөлік жүріп келе жатқан кезде айналуын тоқтатса, вакуумдық күшейткіш толықтай тиімді бола алмайды, осылайша тежеу әсері азаяды, тежеу әсері тежегіш педалін белсенді басу арқылы жүзеге асырылады.




Ілінісу педалі

Ілінісуді бөліп алу керек болғандықтан, ілінісу педалін еденге дейін басу керек, әйтпесе беріліс үйкеліс дыбысын шығарады және ілінісудің үйкеліс төсемі тез тозып кетуі мүмкін. Егер сізге ілінісуді қолданудың қажеті болмаса, ілінісу педалін себепсіз баспаңыз.



Газ педалі

Артық отын шығынын болдырмас үшін газ педалін тиісті түрде және қажет болған жағдайда жайлап басыңыз.




Руль

1. Рульдің саңылауын, орнату тығыздығын тексеріңіз
2. Руль бағанының және рульдің күйін реттеңіз.
 - (1) Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салыңыз, рульді құлыптан шығарыңыз.
 - (2) Руль бағанының астындағы құлыптау тұтқасын басыңыз.
 - (3) Рульді мінсіз күйге жеткенше жоғары және төмен қарай бұрыңыз.
 - (4) Құлыптау тұтқасын жоғары қарай басып, рульді бекітіп қойыңыз.
 - (5) Рульдің мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны әрі-бері қозғап көріңіз.


Ескерту:

